1 mamyr - Yntymaq künı qūtty bolsyn!



# ЖЕТІСУ шұғыласы

№18 (8906)
жұма 6 мамыр
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

KÜLTÖBE

## Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев:

# «БІЗ ЖАС ҰРПАҚТЫ НАҒЫЗ ОТАНШЫЛ АЗАМАТ ЕТІП ТӘРБИЕЛЕУІМІЗ КЕРЕК»



***Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің басымдықтарын айқындап, «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты XXXI сессия жұмысына қатысты.***

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Ассамблея сессиясын Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында өткізу игі дәстүрге айналғанын және мұның зор символдық мәні бар екенін атап өтті.

– *Бірлік, татулық және бейбітшілік – біздің мызғымас құндылықтарымыз. Оның айрықша маңызды екенін қаңтар оқиғалары кезінде айқын сезіндік. Қазір қатерлі күндер артта қалды. Сол кезде қандай қауіппен бетпе-бет келгенімізді уақыт өткен сайын ұғына түсеміз. Шын мәнінде, біз мемлекеттілігімізді жоғалтып ала жаздадық. Халқымыз Қаңтар қасіретінен сабақ ала білуі керек. Енді ондай жағдай қайталанбауы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тиіспіз,* – деді Президент.

Мемлекет басшысы жаңа сын-қатерлердің туындауына ықпал ететін геосаяси ахуалдың ушығып тұрғанына тоқталды. Оның пікірінше, мұндай жағдайда еліміздің азаматтық бірегейлігін нығайтып, отаншылдық рухты көтеруге баса мән беру керек.

– *«Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидатымыз ешқашан өзгермейді. Біз жас ұрпақты нағыз отаншыл азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Осы ретте саяси және қоғамдық плюрализмнің радикалды сипат алуына жол берілмейді. Әсіресе, азаматтарды кемсітуге, олардың ары мен намысын таптауға болмайды,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің пікірінше, Ассамблея құрылған уақыттан бері азаматтық бірлікті нығайтуға елеулі еңбек сіңірді.

– *Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңа жағдайда біздің бейбітшілік пен келісім жөніндегі саясатымыздың берік әрі институционалды тірегі қызметін атқаратынына сенімдімін. Бүгінгі сессияның міндеті – Ассамблеяның саяси жүйені реформалау ісіндегі орны мен рөлін анықтау, оны әрі қарай дамытудың бағытын белгілеу. «Біз әртүрліміз – біз теңбіз» қағидаты саяси жаңғырудың іргелі компоненті деген пікірді ұстанамыз,* – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің үш негізқұраушы басымдығын айқындап берді. Біріншісі – саяси реформаларды жүзеге асыру ісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін күшейту.

– *Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасының жойылуы демократиялық сайлау стандарттарының сақталуына қатысты бірқатар мәселенің күн тәртібінен алынуына септігін тигізеді. Осы ретте Ассамблеядан ұсынылған сенаторлар жалпыұлттық интеграция мен этномәдени әралуандылық негізінде Қазақстандағы этникалық топтардың барлық мүддесін тиімді қарастыратын болады. Мұндай модель Қазақстанның парламенттік жүйесінің халықаралық тәжірибесі мен ерекшелігіне сай келеді,* – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясынан Сенат депутаттығына ұсынылатын үміткерлерді таңдаудың тиімді әрі ашық рәсімдерін әзірлеу қажет екенін атап өтті. Бұл мәселенің бәрі «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» жаңартылған заңда көрініс табуға тиіс.

– *Партиялық және сайлау жүйелерінің реформасы барлық азаматтың сайлау үдерістеріне қатысуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Іс жүзінде тұтас сайлау ландшафтын қамтитын жаңа партиялар пайда болады деп болжануда. Партиялық тізім, сондай-ақ, бірмандатты округтар бойынша үміткерлерді сайлау Қазақстанның этникалық әралуандығын шынайы түрде көрсетеді. Сонымен қатар, этносаралық факторды саясиландыруға және бұл тақырып бойынша арандатушылық сипаттағы талқылауларға да мүлде жол беруге болмайды,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұл бағытта Ассамблея тарапынан түсіндіру жұмыстары кең көлемде жүргізілуі қажет деп санайды.

– *Елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің жалпыазаматтық құндылықтарды құрметтеуі және өздерін Қазақстанмен байланыстыруы аса маңызды. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы біздің үлкен жетістігіміз. Оны жанжақты нығайтуға міндеттіміз. Жаңа саяси жағдайда бейбітшілік пен келісімді және халықтың бірлігін аса маңызды санайтын азаматтардың партия ішіндегі дауысына басымдық беріледі,* – деді Мемлекет басшысы.

Ақпараттық жұмыстарды күшейту және Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы әлеуетін арттыру мәселесі екінші басымдық ретінде аталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, еліміздің әрбір азаматы жұртшылықтың алдына шыққанда ұлттық мүдде мен қазақстандық патриотизм қағидаттарын басшылыққа алуы керек. Бұл – аса маңызды.

– *Болған және болатын сыртқы қақтығыстар азаматтарымыздың арасында ұлтаралық жанжал тудырып, жікке бөлінуге пайдаланылмауы керек. Оған жол беруге болмайды. Мұндай арандатушылықтар болып жатыр. Оны көріп отырмыз. Бірақ арандатушылар қайда тұрса да, қандай құжаттармен тұлғасын жасырса да, қалай құбылса да, біздің бірлігімізге нұқсан келтіріп, мемлекетіміздің дербес саясат жүргізу құқығын бұза алмайды. Бейбітшілік пен тұтастық – басты құндылығымыз, онсыз болашақ жоқ екенін бәрі есте ұстауы керек. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ, болмайды да,* – деді Президент.

2-бет

ILTIPAT

## ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР, ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Баршаңызды Отан қорғаушы күнімен және Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймын!

Айбынды армиямыздың даңқты дәстүрі кең-байтақ жерімізді жанқиярлықпен қорғап қалған батыр бабаларымыз бен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өшпес ерлігінен бастау алады. Бүгінде әскеріміз жауынгерлік шеберлік пен асқақ рухтың озық үлгісін көрсетіп келеді.

Тұңғыш Президенттің сындарлы саясаты арқасында аз уақыт ішінде қазіргі заманға сай армия құрылып, 30 жыл бойы еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығының кепілі болып табылады.

Бұл мерекеде біз өз өмірін Отан қорғауға арнаған, антына адал жандарға ерекше құрмет көрсетеміз.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Біздің ортақ міндетіміз – соғыстың болуына жол бермей, еліміздің тыныштығын сақтап, болашақ ұрпаққа бейбіт өмір сыйлау».

Қан майдандағы шайқаста Жеңіс туын желбіреткен, тылдағы қажырлы еңбегімен Жеңісті жақындатқан қымбатты ардаргерлер, бейбіт өмірде ел тыныштығын қорғауда тұрған жауынгерлер, мереке күні құтты болсын!

Сіздерге қасиетті Отанымыз – Қазақстанның айбынын асқақтатып, оны қорғау жолындағы абыройлы істе толағай табыс тілеймін!

**Рустам АЛИ,**
**Ескелді ауданының әкімі.**

## УВАЖАЕМЫЕ СООТЕЧЕСТВЕННИКИ, ЗЕМЛЯКИ!

Поздравляю вас с Днем защитника Отечества и Днем Великой Победы!

Лучшие традиции казахстанской армии являются естественным продолжением героизма наших предков, отважно защищавших родную землю, а также беспримерных подвигов участников Великой Отечественной войны. Свою боевую выучку и крепость духа военнослужащие успешно демонстрируют и в наши дни.

Под руководством Первого Президента за небольшой по историческим меркам период была создана современная армия, которая вот уже 30 лет является гарантом суверенитета и территориальной целостности нашего государства.

В этот славный день мы чествуем всех, кто посвятил себя ратному делу и хранит верность присяге.

Как отметил глава государства Касым-Жомарт Токаев: «Наша общая задача – каждый день содействовать сохранению мира для нашего народа, чтобы трагические события никогда не повторялись».

Поздравляю с этими праздниками всех, кто ковал Победу на фронтах и в тылу, кто посвятил жизнь защите Отечества, и тех, кто сегодня стоит на страже безопасности страны.

Желаю крепкого здоровья, семейного благополучия, мирного неба над головой и дальнейших успехов в работе на благо нашей Родины - Республики Казахстан.

**Рустам АЛИ,**
**аким Ескельдинского района.**

MEREILI MEREKE

# ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІК ТУЫ ЖЕЛБІРЕДІ

***«Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Осы тұста мамыражай көктемнің мамыр айымен бірге келетін алғашқы мереке татулық пен бірліктің иісін аңқытып тұрады.***



130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің шаңырағына айналған Қазақстан бейбітшілік пен келісім арқылы әлемге үлгілік жолды нұсқап келеді. Әйтсе де, ұлтаралық келісім мен дінаралық татулықтың алтын бесігін тербету аяқ астынан туындаған немесе қазақ даласында өздігінен пайда болған дүние еместігі бесенеден белгілі. Ел иесі, жер иесі саналатын қазақ халқы алмағайып замандарда шартараптан бас сауғалаған, тағдыр тәлкегімен босып келген басқа жұртты бауырына басты. Өзінің тоз-тозы шыққанына қарамастан, басқаның қайғысына да ортақтығын танытты. Кеңестік жүйе қыспағымен қазақ даласын паналаған бөтен жұрт осында мәңгілікке тұрақтап қалды, өсті-өнді, ұрпағы жалғасты. Тәуелсіздік тұсында да қырықжамаудай болған ұлттық құрамдағы осы ерекшелікті негізге алғандар «жаңадан пайда болуы ықтимал үлкен қақтығыстар алаңы» ретінде қазақ даласын меңзеген еді. Алайда, қазақ халқының даналығы, кеңдігі мен сыйластығы этностық тегіне, әлеуметтік, діни және де шығу тегіне қарамай, жаңа мемлекеттің барша азаматының ұйысуына ұйытқы болды. Кешегі даналық бүгінгі дүбірлі тойдың бастауы еді. Әр жыл сайын отандастарымыз 1-мамыр күні татулық пен ынтымақтастықты тойлайды. Киелі Ескелді жері де татулық мерекесін жоғары деңгейде атап өтті. Шараға жиналған аудан жұртының қарасы көп болды. Бірі – бүлдіршін ертсе, бірі – дүбірлі тойға қарай асығып келеді. Шараның шымылдығын аудан әкімі Рустам Али ашты. Жиналған қауымға ыстық ықыласы мен жылы лебізін білдірген аудан басшысы, мерекенің мезіретіне де тоқталып кетті.

- *1-мамыр – көп ұлтты Қазақ елі үшін маңызды даталардың бірі. Халықтар достастығы, ынтымақ пен бірлік күні. Татулық пен бейбітшілікті басты орынға қойып, бақытты бағалай білген Қазақстан үшін бұл күннің орны ерекше. Міне, киелі Ескелді жерінде де жүзі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бір жандар жиналып, айтулы мерекені тойлап жатыр. Бірлігіміз мәңгі мығым болғай,* - деді аудан әкімі Рустам Али.



Сөзін қорытындылаған аудан әкімі белсенді жандарға алғыс хат табыс етті. Ізгі тілекпен басталған мейрам, концерттік бағдарламаға ұласты. Түрлі ұлыс өкілдері ән айтып, би билеп, мереке көркін қыздырды. Шараға жиналған жас та, бала да, қарт та разы болды.

- *Еліміздің тарихына көз жүгіртсек, халқымыз әрқашан бейбітшілік пен келісімде өмір сүрген. Достықтың арқасында бүгінде тұрақтылық пен үйлесімділік орнады. Бүгін біздің еліміз дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған бағыт елдегі тұрақтылықты, этносаралық құрмет пен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған. Өзара сыйластық, тәртіп пен тұтастық – бұл әрқайсысына өзінің азаматтық борышын орындауға көмектесетін өлшемдер деп санаймын,* - деді аудан тұрғыны Сәуле Бәміш.

Елінің басына күн туған қиын-қыстау заманда қазақ жеріне түрлі ұлт өкілдері табан тіреп, киелі мекеннен пана тапты. Бауырмал қазақ халқымен бір нанды бөлісіп жеп, бір үйдің баласындай етене араласты. Сөзіме дәлел болған айтулы мерекенің бәсі биік. Тойы да жоғары деңгейде өтті. Ал кешке орталық алаңда үлкен экранда кино көрсетілді. Киносүйер қауымның қуанышы да жылы күннің лебіндей сезіліп-ақ тұрды.

**Арай ӘЛІМЖАНОВА**

KÜLTÖBE

Басы 1-бетте.

## Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев:

# «БІЗ ЖАС ҰРПАҚТЫ НАҒЫЗ ОТАНШЫЛ АЗАМАТ ЕТІП ТӘРБИЕЛЕУІМІЗ КЕРЕК»

Мемлекет басшысы біздің алуан түрлі мәдениетімізді танытатын бірегей ақпаратты кеңінен таратуға, ауқымы кеңейіп келе жатқан қазақтілді аудиториямен тығыз жұмыс істеуге шақырды. Оның пікірінше, Қазақстанның дамуына өзге этностардың қосып жатқан үлесі туралы мемлекеттік тілде айту өте маңызды. Осы бағытта жұмыс істейтін БАҚ-қа қолдау көрсетіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев келесі айда жаңа диалог алаңы – «Ұлттық құрылтайдың» алғашқы отырысы өтетінін хабарлады. Бұл жиын елімізді дамытудың өзекті мәселелерін талқылау үшін қоғамды жұмылдыруға бағытталған.

– *Бұл жалпыұлттық диалогтың әмбебап моделіне айналады. Құрылтайдың құрамына депутаттар, ҚХА мүшелері, сарапшылар мен құқық қорғаушылар, барлық өңірдің, сондай-ақ Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестердің, бейресми ұйымдардың, бизнес қауымдастықтар мен өндіріс саласының өкілдері кіреді. Ассамблея Ұлттық құрылтаймен бірлесіп, тиімді жұмыс істеуі керек. Себебі, түптеп келгенде, екеуінің мақсаты – ортақ. Ауқымды өзгерістерге жастардың да белсене қатысқаны абзал. Кеше тұңғыш рет Қазақстан халқы Ассамблеясының Жастар сессиясы өтті. Оның ұсынымдарын мұқият зерделеу қажет,* – деді Мемлекет басшысы.

Үшінші басымдық – құқық қорғау қызметін күшейту. Осы бағытта Ассамблея медиацияға негізделген кәсіби келіссөз жүргізушілердің бірегей институтын қалыптастыруға кірісті.

– *Этномедиация оқу орталығын құру керек. Онда тұрақты оқу курстарын ұйымдастырып, аудандық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі даярлықтан өтуге тиіс. Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым министрліктеріне Мемлекеттік басқару академиясымен, ҚХА Хатшылығымен және басқа да уәкілетті органдармен бірлесіп, осы мәселе жөнінде жүйелі ұсыныстар енгізуді тапсырамын,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан қоғамның барлық саласы батыл өзгерістер жолына түскенін атап өтті. Осыған байланысты Конституцияға елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін толықтырулар енгізу туралы бастама көтерілді.

– *Біз жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшеміз. Бұл сапалы түрде өзгеруді Екінші Республика деп атауға болады. Жұмыс тобы Ата Заңның 33 бабына түзетулер әзірледі. Бұл – тұтас Конституцияның үштен бір бөлігі. Осы өзгерістерді енгізу туралы заң жобасы Конституциялық кеңестің қарауына жіберілді, жақын арада шешімін шығарады,* – деді Президент. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев әзірленген түзетулердің тарихи маңызы бар деп есептейді. Бұл мемлекеттілігімізді дамытудың жаңа кезеңін білдіреді.

– *Осы реформалар қолға алынған кезде Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын Парламент қарайды деп ойлаған едік. Бұл – қолданыстағы заңнамада орныққан рәсімнің бірі. Алайда алдағы ауқымды әрі маңызды өзгерістер ел болашағына айрықша әсер етеді. Сондықтан, мен Ата заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізуді ұсынамын. Референдум – аса маңызды демократиялық институт. Алайда Қазақстанда ол соңғы рет 1995 жылы қазіргі қолданыстағы Конституция бекітілген кезде өткізілді. Одан кейін «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бірақ содан бері Конституцияға төрт рет өзгертулер енгізілгеніне қарамастан, ол іс жүзінде қолданылған жоқ. Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту халық қалауының айқын көрінісі болады деп есептеймін. Референдум әрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік береді және жан-жақты демократияландыру мен Жаңа Қазақстанды құру жолындағы бағытымызды нығайтады,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Жаңа Қазақстан дегеніміз, шын мәнінде, Әділетті Қазақстан екеніне тағы да тоқталды.

– *Жаңа Қазақстан – қарқынды түрде өзгеріп жатқан әлемде ұлттық бірегейлігімізді нығайтудың жолы. Жаңа Қазақстан ұғымын сан-саққа жүгіртіп, бұрмалауға болмайды. Азаматтардың бәрін ортақ іске жұмылдырмайынша, мемлекеттік аппарат та, қандай да бір саяси шешімдер мен экономикалық тетіктер де елімізді жаңартуға қауқарсыз. Жаңа Қазақстанды құру үшін жеке және қоғамдық құндылықтар жүйесін толығымен реформалау қажет. Біз непотизм мен патернализмге, сыбайлас жемқорлық пен компрадоризмге түбегейлі тосқауыл қоямыз. Жаңа Қазақстан әділдіктің территориясына айналуы керек. Ол үшін тек заңның әріптерін ғана емес, рухын да ұстану қажет. Заңдар догма емес, ол азаматтардың өзекті мәселелерін шешу үшін жетілдіріліп отыруға тиіс. Заң, әділдік және тәртіп біздің бақуатты өмірімізді айқындайтын нақты факторларға айналады,* – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев диалог мәдениетін қалыптастыру және қоғамда өзара түсіністік пен сенімді нығайту қажет екеніне арнайы тоқталды. Мұның бәрі елдің жарқын болашағы мен халықтың әл-ауқаты үшін қажет.

– *Біз көзқарастарымыз бен нанымсенімдеріміздегі айырмашылықтарға қарамастан, бір-бірімізді түсінуге және құрметтеуге тиіспіз. Бізді біріктіретін, күшейтетін, үйлестіретін ортақ құндылықтарға ұмтылуымыз қажет. Біздің «Әртүрлі көзқарас біртұтас ұлт» деген қағидамыз мызғымайды. Патриотизмнің жоғары құндылықтарын ұлтаралық артықшылық сезімімен алмастыруға, достық пен бірліктің орнына бір-біріне деген өшпенділікке жол берілмейді,* – деді Президент.

Мемлекет басшысы төзбеушілік пен «өзіміз және өзгелер» деп бөлінудің кез келген көрінісінің қатаң түрде жолын кесуге шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы өзінің бірлігін сақтауға, нығайтуға тиіс. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана Жаңа Қазақстанды құра аламыз деп есептейді.

– *Біз барлық жоспарымызды міндетті түрде жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз! Сөз соңында сіздерді алда келе жатқан Қазақстан халқының бірлігі күнімен және Ораза айт мерекесімен құттықтаймын!* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сессия барысында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі Наталья Калашникова, «Қазақстан корейлері қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Сергей Огай, «Халықаралық қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің вице-президенті Максим Рожин, саяси шолушы Никита Шаталов, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Дихан Қамзабекұлы, «Азаттық Рухы» агенттігінің тілшісі Надежда Палинка, «Ахыска» түрік этномәдени орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Нұр-Сұлтан қалалық бөлімінің төрағасы Әскер Пириев және музыкант, блогер Алексей Лодочников сөз сөйледі.

JARLYQ

# АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНА КӨШІРІЛСІН - ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫ



***Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының әкімшілік--аумақтық құрылысы туралы» Жарлығы шықты. Онда Қазақстанда үш облыстың құрылғаны және аудандардың әкімшілік бөлінісі туралы жазылған. Жарлық мәтіні Президенттің ресм***и сайтында жарияланды.

"Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1.Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласынан Қонаев қаласына көшірілсін.

2.Мыналар:

1)Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы;

2)Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы;

3)Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын.

3.Алматы облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Қонаев қаласына көшірілгенге дейін Талдықорған қаласында орналасады деп белгіленсін.

4.Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін және осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

5.Орталық мемлекеттік органдар, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының, сондай--ақ Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдасын.

6.Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7.Осы Жарлық 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс", - делінген Президент Жарлығында.

**«ЖШ»-ақпарат**

MEREKE MEZIRETI

# ҚАСИЕТТІ МЕРЕКЕ ҚАСТЕРЛЕНДІ

***«Айт» сөзі – «мерекелеу», «хал сұрасу», «бір-бірін қуанту», «қуанышқа топталу» деген мағыналарды білдіреді екен. Ораза айт күндері әрбір мұсылманның шаңырағында бауырсақ пісіріліп, ет асылып, мерекелік мол дастарқан жайылады. Үлкендер жеті шелпек нанға құран оқиды. Туған-туысқандар, көрші-қолаң бір-біріне қонаққа барып, Айт мерекесімен құттықтайды, сыйлық береді.***

Бала күннен көріп өскен картинамыз осы. Өзгеше болуы мүмкін еместей көрінеді. Иә, ренжісіп қалған ағайын-туыс, жора-жолдас бір-бірінен кешірім сұрап, өкпе--назын ұмытады. Сондай-ақ, 30-күн бойы таң атысынан, кеш батысына дейін ораза ұстап, аузын бекіткен жандар үшін де өз ережесі бар айт мерекесінің. Ораза айттың таңында сәресі ішілмейді, күндіз ауыз ашық болады. Ораза айт дастарқан жайып, дәмнен ауыз тиетін күн болғандықтан, сол күні ауыз бекітуге тыйым салынған екен. Мерекенің бет-бейнесіне тоқталуымыздың да өзіндік себебі бар. Күні кеше ғана 30 күн оразасын ұстап, Ораза айт мерекесінде дүбірлі той жасаған Ақын Саралықтар туралы айтпақпыз. Мерекені ауыл жұрты Ақын Сара ауылының орталық мешітінде тойлады. Жиналған жұрттың қарасы жылдағыдан көп болды. Игі істің басы да ерекше басталды. 10 отбасыға зекет малы (қой, ешкі) таратылып, 6 балаға Ораза айт қоржыны табыс етілді. Жақсылықпен басталған жиын концерттік бағдарламаға ұласты. Ән де айтылды, би де биленді. Ауыл балаларының өнері мен талабы бір-бірінен асып-ақ тұр. Айтқа келген 200-дей балаға тәтті шоколад таратылды. Бәрін айт та бірін айт. Шараға келген балалар арасында спорттық жарыс өтті. Үздіктерге ақшалай сыйлық табыс етілді. Арқан тартыс сайысы, ерлер арасында 1-орынды Тілендиев көшесінің ер--азаматтары иемденді, жүлдеге серке берілді. 2-орынды мұғалімдер алды, жүлдеге ақшалай 10000тг берілді. 3-орынды Таңбала көшесінің тұрғындары иемденді, ақшалай 5000тг берілді. Келесі жүлделер мынадай:



Арқан тартыс сайысы әйелдер арасында:
1-орын: Мұғалімдер-жүлдеге Серке;
2-орын: Молдағұлова көшесі – жүлдеге 10000тг;
3-орын: Оқушылар- жүлдеге 5000тг.

Қол күрес ерлер арасында:
1-орын: Әділет Сағатбек – серке;
2-орын: Назар Дәуіт - 10000тг;
3-орын: Ерасыл Сатыбалдиев - 5000тг.

Қол күрес әйелдер арасында:
1-орын: Жазира Арымбаева –серке;
2-орын: Айдана Илияс -10000тг;
3-орын: Айгүл Апай- 5000тг.

Қошқар көтеру:
1 - орын: Рахымбаев Асқар- Қошқар;
2-орын: Мұрат Бекеш -10000тг;
3-орын: Нұрболат Бақытжан -5000тг.

Серке көтеру (оқушылар арасында):
1-орын: Ғани Сағымханов - серке

Еркін күрес (үлкендер):
1-орын: Асқар Рахымбаев –Серке;
2-орын: Ербол Жакупбеков - 10000тг;
3-орын: Ерасыл Сатыбалдиев - 5000тг.

Еркін күрес (5-8 сынып):
1-орын: Мерей Мұхтарұлы -10000тг;
2-орын: Еркебұлан Махатұлы - 7000тг;
3-орын: Нариман Тұрсынбай - 5000тг;
Қонақ балаларға 5000 нан 2 балаға 10000тг берілді.

Еркін күрес (1-4 сынып):
1-орын: Муслим Мусхапұлы -10000тг;
2-орын: Алғысбек Ықылас - 7000тг;
3-орын: Батырхан Талғар -5000тг.

Батпан көтеру:
1-орын: Сағатбек Әділет –Серке;
2-орын: Отан Мусхап -10000тг;
3-орын: Кәкен аға - 5000тг.

Ауыл балалары арасында тай жарысы өтті:
1-орын: Алмас Оразбеков - 15000тг;
2-орын: Ерсін Қаданбек - 10000тг;
3-орын: Ердаулет Ерасыл -7000тг;
4-орын: Әділхан Сейілжан -5000тг.

Іс-шараны аудандық спорт бөлімі ұйымдастырған. Ал спортшыларға сый-сияпат беруге демеушілік көрсеткен ауыл имамы Қуат Тұрысбаев.

**Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ**

JAÑĞYRYQ

# ҚАЛАМГЕР ТУЫНДЫЛАРЫ ҰРПАҚ ЖАДЫНДА ЖАҢҒЫРДЫ



***Кітапхана – қай ұлттың болмасын руханият ордасы. Бұл – бізге дейін айтылған әңгіме, бізден кейін де айтылады. Ескелді аудандық кітапхана руханият ордасының басты миссиясы ретінде еліміз үшін еңбек еткен, тер төккен ақын-жазушылар, руханият адамдар, мәдениет және өнер саласындағы жалпы тұлғаларды насихаттауды қолға алған. Бұл бағытта жиі дөңгелек үстелдер, көрмелер, рухани кештер өткізіліп тұрады. Мәселен, жуырда жазушы, аудармашы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Күлтегін атындағы сыйлықтың лауреаты, Еуропаның Франц Кафка қоғамы марапатының иегері, түрколог-ғалым Немат Келімбетовке арналған дөңгелек үстел өтті.***

Немат Келімбетов 1937 жылы Өзбекстан, Ташкент облысы, Жаңажол қаласында дүниеге келген. Сарыағаш ауданының Абай ауылындағы орта мектепті бітірген. Ташкент қаржы-экономика институтын, ҚазМУ-дың филология факультетін сырттай оқып бітірген. 1959-1960 жылдары Келес және Сарыағаш аудандық газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Ғылым академиясының Экономика институтында кіші ғылыми қызметкер, «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет, өнер және архитектура салалары бойынша Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссияның жауапты хатшысы болып жұмыс істеді. «Қазақстан» баспасында редактор, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында профессор, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің қазақ тілі кафедрасында профессор қызметтерін атқарған.

Келелі жиында оқырмандар қарымды қаламгердің өмірі мен шығармаларына, аудармаларына тоқталып, қызықты мәліметтермен қанықты. Оның ішінде кітапсүйер қауым Н.Келімбетовтың «Үміт үзгім келмейді» туындысына тоқталды. Себебі бұл туынды тек қазақ қоғамында емес, әлемнің азулы әдебиетшілерінің арасында жоғары баға алған шығарма еді. Мәселен, Қазақстан Президентінің Бейбітшілік және руханият сыйлығының лауреаты, Францияның «Алтын пальма» орденінің иегері, әлемге әйгілі әдебиетші Альбер Фишлер: «Мен мұншама азап шегу адамды «жақсартады» дегенге күмәнім бар, бірақ бұл оның жан дүниесін тереңдетеді». Философ Ницшенің бұл айтқаны қазақ жазушысы Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» кітабындағы жұбайы Қуанышқа бағыштаған монологына дөп келеді», - деген еді. Жапонияның Азаматтық дипломатия және Достық алмасу кеңесінің төрағасы, Аояма Гакуин университетінің бұрынғы ректоры Кен Мацудзава болса: «Алғаш рет жапон тіліне аударылып отырған «Үмітімді үзгім келмейді» кітабы дәл осы жапон жұрты оқуы тиіс қазақ әдебиетінің бір өкілі бола алатын туынды деп есептеймін», - деді.

Дөңгелек үстел барысында Жазира Рақымқызы, Светлана Сергейқызы, Назгүл Жұмақанқызы, Дәулетхан Қуатбекқызы, Меруерт Ердосқызы, Мәрия Сандуғаш сынды оқырмандар қаламгер туындыларын сарапқа салып, түрлі бағытта талқы ұйымдастырды. Мұнан соң шараға қатысушылар Н.Келімбетов шығармалары мен өміріне арналған көрмеге шолу жасап, деректі фильм тамашалады.

**Д.БЕСБАЕВ,**
**Ескелді аудандық кітапхананың кітапханашысы**

PROFILAKTIKA

# ОТРАВЛЕНИЕ СЕЗОННЫМИ ФРУКТАМИ И ОВОЩАМИ: ПРИЧИНЫ, СИМПТОМЫ И ЛЕЧЕНИЕ



***Каждый из нас с нетерпением ждет лета, в том числе из-за обилия свежих овощей, фруктов и ягод. Но именно эти продукты зачастую становятся причиной отравления. Наиболее опасными для здоровья являются листовые овощи и зелень, которые обычно не подвергаются термической обработке. К группе риска также относятся и бахчевые культуры, преимущественно арбузы и дыни. Как распознать признаки отравления и отличить его от обычного переедания? Давайте разберемся.***

Шпинат, листовой зеленый салат и белокочанная капуста могут стать причиной отравления, так как именно эти продукты чаще всего не проходят термической обработки. Что касается арбуза и дыни, существует две основных причины отравления бахчевыми: повышенное содержание нитратов и размножение бактерий в мякоти плода.

Первое происходит из-за неправильного использования азотных удобрений. Их широко применяют для стимуляции роста растений, но удобрения этого вида могут накапливаться в почве, попадать в грунтовые воды и, как следствие, концентрироваться в продуктах (преимущественно в зелени, огурцах и арбузах).

Размножение микроорганизмов в мякоти происходит из-за неправильного хранения, загнивания плода или нарушения целостности кожуры. Именно по этой причине не рекомендуется покупать разрезанные арбузы и дыни.

Признаки отравления могут проявиться уже через 2 часа после употребления продукта в пищу. В среднем они развиваются в течение первых 6 - 8 часов. К таким признакам относятся: тошнота, рвота, боли в животе, спазмы, понос, головокружение, слабость, повышение температуры.

Симптомы переедания схожи, но проявляются в более легкой форме и протекают без повышения температуры.

Так как дыня является тяжелым для желудка продуктом, врачи рекомендуют не злоупотреблять им, а для некоторых категорий людей - ограничиться 100-200 граммами в сутки. Особенно это касается людей, страдающих сахарным диабетом, язвой желудка и двенадцатиперстной кишки, а также людей с заболеваниями мочевыводящей системы, беременных женщин и детей.

При легкой степени отравления справиться с ним можно и в домашних условиях. Что делать в первую очередь? При отравлении необходимо обращаться к врачу: вызывать на дом участкового терапевта или «скорую помощь».Чтобы стимулировать выведение токсинов, а также предотвратить обезвоживание, необходимо пить как можно больше кипячёной воды. После прекращения тошноты можно выпить крепкий сладкий чай: он восполняет запасы глюкозы и немного повышает давление. После всех процедур необходим покой и соблюдение постельного режима. Ни в коем случае не принимайте обезболивающие и противодиарейные средства: они маскируют истинное состояние организма и препятствуют выведению токсинов. В случае появления угрожающих симптомов: непрекращающаяся рвота, сильная диарея, нарушение работы сердечно-сосудистой системы, помутнение сознания, судороги, а также при отравлении у детей и беременных женщин необходимо немедленно обратиться к врачу!

Чтобы избежать пищевого отравления, нужно придерживаться нескольких простых правил. Разберём их на примере актуальных сегодня дынь и арбузов:

Покупайте плоды только в сезон. До его начала есть риск отравления нитратами, в конце сезона высока вероятность пострадать от забродивших продуктов;

Перед тем как разрезать плод, его нужно хорошо промыть, а затем ополоснуть кипятком;

Не надрезайте плоды при покупке, чтобы не занести в них микробы;

Выбирайте дыни с приятным ароматом и равномерным окрашиванием кожуры;

Цвет мякоти качественного арбуза варьируется от розового до красного. Желтые прожилки, белые уплотнения, синюшный цвет - признаки использования химикатов;

По структуре нормальная мякоть арбуза - с крупинками, искрится на разрезе. Арбуз с гладкой или волокнистой мякотью употреблять в пищу не рекомендуется. При попадании в воду мякоти арбуза вода мутнеет. Если вода окрашивается в розовый цвет, это говорит о наличии химических веществ. В наибольшем количестве нитраты накапливаются в кожуре и мякоти под ней, поэтому не стоит есть мякоть непосредственно у корки. Нарезанные плоды хранят в холодильнике не более суток.

Подведем итоги. Сезонные фрукты и овощи очень полезны для здоровья, но все же следует быть умеренными в их употреблении и не забывать обрабатывать продукты. При первых же признаках отравления обращайтесь к врачу и не затягивайте с лечением.

**Т.ЖАКИШЕВ,**
**главный специалист УСЭК**

FSMS

# БОЛЕЕ 800 ПРОЦЕДУР ЭКО ПРОВЕДЕНО ПО ОСМС В 1 КВАРТАЛЕ

***За 1 квартал 2022 года выполнено 835 процедур экстракорпорального оплодотворения в рамках системы ОСМС. В Фонде социального медицинского страхования рассказали, кто и как может пройти ЭКО по медстраховке.***

Как отметили в Фонде социального медицинского страхования, процедура экстракорпорального оплодотворения относится к высокотехнологичным медицинским услугам и является дорогостоящей. Ранее она проводилась в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи. Однако финансирование было незначительным, в год выделялось порядка 900–1000 квот. А с 2021 года по поручению Президента РК Касым-Жомарта Токаева в Казахстане реализуется программа «Аңсаған сәби». Это позволило увеличить количество квот в 7 раз – до 7 000 в год. Процедура входит в перечень услуг ОСМС, поэтому застрахованные пациенты могут пройти ее бесплатно.

В 2022 году Фондом социального медицинского страхования предусмотрено финансирование 7 000 циклов ЭКО на предварительную сумму 6,68 млрд тенге.

По итогам 1 квартала выполнено 835 процедур экстракорпорального оплодотворения на сумму 824,6 млн тенге. Это гораздо больше, чем в предыдущие годы: в 1 квартале 2020 года было произведено всего 59 ЭКО, 1 квартале 2021 года – 526 циклов.

Как отметили в Фонде, поставщиками услуг ЭКО в РК являются 19 медицинских организаций из 9 регионов страны, 18 из них – частные. Выбрать клинику для экстракорпорального оплодотворения пациент вправе самостоятельно. С перечнем поставщиков, оказывающих услуги ЭКО, можно ознакомиться на официальном сайте Фонда fms.kz в разделе «Для пациента», далее «Выбрать клинику».

Кто может рассчитывать на ЭКО?

Главное показание для проведения процедуры – бесплодие, не поддающееся терапевтической коррекции. Причем претендовать на ЭКО может как семейная пара, так и пара, не состоящая в официальном браке, но в таком случае необходимо информированное добровольное письменное обоюдное согласие.

Проходить процедуру ЭКО могут граждане Казахстана и соответствовать медицинским параметрам, установленным Минздравом:

- репродуктивный возраст (от 18 до 42 лет);
- нормальный соматический статус;
- нормальный эндокринный статус;
- удовлетворительный овариальный резерв.

В каком случае могут оказать в ЭКО?

Отказать в экстракорпоральном оплодотворении пациентке могут в нескольких случаях:

при наличии факторов снижения результативности наступления беременности (аномалии развития внутренних половых органов, препятствующие имплантации и развитию беременности, гидро (сактосальпингсы), синехии полости матки, эндометриоз, кисты яичников, необтурационная азооспермия);

при врожденных или приобретенных аномалиях матки;

при соматических и психических расстройствах;

опухолях яичников;

острых воспалительных заболеваниях;

при онкологии любой локализации.

Маршрут пациента для прохождения ЭКО

Для получения направления на ЭКО нужно обратиться в поликлинику по месту прикрепления.

Организации здравоохранения по месту прикрепления пациента включают в электронный регистр диспансерных больных (ЭРДБ) лиц, страдающих бесплодием. После обследования и установления причин бесплодия в течение 12 месяцев, организации здравоохранения по месту прикрепления пациента на основании заключения профильного специалиста направляет документы пациента в комиссию по высокотехнологичным медицинским услугам местных органов государственного управления здравоохранением областей, городов республиканского значения и столицы (Комиссия ВТМУ) для решения вопроса о проведении вспомогательных репродуктивных методов и технологий (ВРТ) в системе ОСМС.

Медицинские организации, оказывающие помощь с использованием ВРТ в лечении бесплодия, вносят данные по процедурам ВРТ в медицинскую информационную систему, проведенным в системе ОСМС.

Выбор медицинской организации для получения медицинской помощи с использованием ВРТ осуществляется пациентом. При принятии положительного решения комиссия регистрирует направление на госпитализацию на портале Бюро госпитализации с прикреплением пакета документов пациента.

Стоит отметить, что пройти бесплатно процедуру ЭКО по ОСМС можно один раз в год. Объем обследования супружеской пары перед проведением ЭКО в системе ОСМС осуществляется согласно предусмотренному перечню.

**Филиал по Алматинской области НАО «Фонд социального медицинского страхования»**

JADYNAMA

# ОРМАН ӨРТІНЕН САҚТАНУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР



1. Осы Ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидалары 2003 жылғы 8-шілдедегі ҚР Орман кодексінің 63-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және ормандардағы өрт қауіпсіздігінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар – ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер, су объектілері және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің учаскелері;

2) мемлекеттік орман иеленушілер – мемлекеттік орман қоры учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік ұйымдар;

3) минералдандырылған жолақ – бұл топырақтың минералды қабатына дейін топырақ өңдейтін құрал саймандармен өңделген және орман өртінің таралуын болдырмауға арналған жолақ;

сондай-ақ орман өсімдіктері өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне арналған орман қоры жерлері;

5) орман өрт сөндіру станциялары – орман өрттерінің алдын алу және оларды уақтылы жою жөніндегі шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ететін өртке қарсы қызмет пен техниканы орналастыруға арналған мемлекеттік орман иеленушінің объектісі;

6) орман пайдаланушы – Кодексте белгіленген тәртіппен уақытша орман пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

7. Мемлекеттік орман мекемелерінің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және орман пайдаланушылардың қызметкерлері (жұмысшылары, қызметшілері) орман өрттерімен күресуге арналған резервтік күштер болып табылады.

8. Ормандардың жету қиын және өртке неғұрлым ұрымтал құнды учаскелерін қарауылдау үшін, сондай-ақ өрт сөндіру үшін мамандандырылған ұйымдардың немесе орман қорын күзету және қорғау жөнінде авиациялық жұмыстарды орындайтын мекемелердің күштері мен құралдары тартылады.

9. Ірі орман өрттерін сөндіру үшін Кодекстің 15-бабына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жыл сайын бекітіп отыратын іс-шаралар жоспарларына сәйкес өртке қарсы мемлекеттік қызмет бөлімшелері, сондай-ақ олардың өртке қарсы техникасы, көлік және басқа құралдары тартылады.

10. Орман қорын өрттерден қорғауға, олардың алдын алуға және сөндіруге қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктері қатысады.

**Жексентай ЕРЖАН,**
**Көксу орманшылығының орман күтуші**

JADYNAMA

# ЕСКЕРТУ

2017 жылғы 26-қазандағы №24-124 Алматы облысының аумағын абаттандыру Ережелеріне сәйкес Ескелді ауданы Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты округ тұрғындарына белсенді түрде қатысып, төмендегі жұмыстарды атқаруларыңыз керек: үйдің маңын сыртқы жолға дейін өз шекараларыңыз бойынша қоқыстан тазалау, қоқыстарды көшеге шығармау, арық жүйелерін тазалау, коршауларды мен қақпаларды түзету, сырлау және ақтау, үй нөмірлерін көрнекті жерлерге ілу немесе жаңарту, үй төңірегіндегі құрғақ құлау қаупін төндіріп тұрған апаттық ағаштарды кесу, көшеттерді отырғызу. Қоғамдық орындарында (спорт алаңдарында, көшелерде) жекеменшік малды бағуға болмайды. Тұрмыстық қалдықтарды арнайы белгіленген орынға (полигонға) (Алдабергенов ауылы МТФ№4) апаруыңызды сұрайды. Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптары бойынша қалдықтарды және құрайларды өртеу кезінде ғимараттар мен электр бағаналарынан, кемінде 50 метр қашықтықта жүргізілуі тиіс. Өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң ұстауды ескертеді! Суға түсу маусымында, балаларыңызды Көксу және Құсақ өзеніне, суға шомылуға жібермеулеріңізді сұраймыз.

Осы Ережелер сақталмаған жағдайда Сізге 2014 жылғы 5-шілдедегі №235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу 505-бабы бойынша жеке тұлғаларға-20АСК айыппұл салуға әкеп соғады.

**Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты**

# УВЕДОМЛЕНИЕ

Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа Ескельдинского района, на основании Правил благоустройства территории Алматинской области от 26 октября 2017 года № 24-124 просит жителей округа провести уборку прилегающей территории и произвести нижеследующие работы: очистить территорию своего дома до улицы от различного типа мусора, прочистить арычные сети прилегающие к территории Вашего дома или участка. Покраска, побелка, реставрация внешнего забора. Повесить номера дома на видные места или их обновление. Санитарная вырубка, очистка высохших деревьев на территории дома, участка и т.д. создающих опасность падения и угрозы жизни и здоровья людей. В общественных местах (спорт.площадки, стадионы,улицы) запрещается пасти скот. Вывезти бытовые отходы в специально отведенный мусорный полигон (село Алдабергеново МТФ № 4).

В случае нарушения требования вышеуказанных правил будут налагаться взыскания согласно ст. 505 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» от 5 июля 2014 г. Нарушение правил благоустройства территорий городов и населенных пунктов влечет предупреждение или штраф на физических лиц в размере 20 МРП (месячных расчетных показателей).

Согласно «Общим требованиям к пожарной безопасности» разведение костров, сжигание отходов и тары должно осуществляться на расстоянии не менее 50 м от зданий и сооружений. Просим строго соблюдать правила пожарной безопасности! Дополнительно предупреждаем, во время купального сезона, запрещается купаться на реках Коксу и Кусак.

**Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа**

ÚLT MINBERI

# ЕРЛЕР БАРДА ЕЛ ЕҢСЕСІН ТІКТЕЙТІН...

***7-мамыр еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенін білдіретін мереке. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР-ның мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Кейін республиканың қорғаныс мәселелерін толық түрде жеке шешуге көшуіне байланысты қорғаныс комитеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды.***



1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Бұл Жарлық бойынша, Қазақстан аумағынада орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса, республиканың қарауына өтті. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өз мойнына алды. Елбасынан басқа қорғаныс ісімен тікелей шұғылданатын алғашқы Қорғаныс министрі болып генерал-полковник С.Нұрмағанбетов тағайындалды. Бұл күн Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні болып құрылғандықтан «7 мамыр Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды. Өз елінің, өз жерінің тыныштығын күзеткен тарландардың төл күні жыл сайын Республика көлемінде жоғары деңгейде атап өтіледі. Біз де мереке қарсаңында аудан тұрғындарының алаңсыз ұйқысына кепіл болып, ішкі тыныштықты күзетіп жүреген сала мамандарымен, сақшылармен тілдескен едік.

Алғашқы кейіпкер – аудандық 23-Өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғау аға лейтенанты Нұржан Сағындықов. Кейіпкеріміз бала күнінен көгілдір экранның арғы жағында қызметін қалтқысыз орындап жүрген өрт сөндірушілерге қызығып өскен. Бала арманы бозбалаға қанат бітіріп, бүгінде сала маманына айналды.

***- Мен нағыз ер-азаматқа тән жүректілік пен батылдықты талап ететін мамандықты таңдадым. Әр күн сайын өлім мен өмір арасында жүретін жауапты қызмет мүлт кетуді кешірмейді. Құрал-саймандарымыз сақадай сай тұруы керек. Бүгін де біздің бөлімде 23 маман қызмет етеді. Сонымен қатар, 3 техника мен 1 көмекші техника бар. Өрт сөндіру көлігіне 5 мың литр су сияды, кейде өрт сөндіруге судан бөлек пена және порошок қолданамыз. Біз әрдайым төтенше жағдайға дайын тұрамыз. Өрт жайлы қоңырау түссе 1-минуттың ішінде шығып кетеміз. Әрине басында қорқыныш сезімі болатын, десек те қарапайым халық алдындағы жауапкершілігім бойымдағы батылдықты шыңдады,*** - дейді Нұржан Сағындықов.

Отан қорғау - тек әскердің ғана міндеті емес, әр азаматтың міндеті. Әр азамат азат елінің мәңгілік болуын қалайды. Сол үшін әр азамат азаттығымызға, елдің тұрақтылығына, мемлекетіміздің гүлденіп дамуына, тұрғындарымыздың денсаулығына зиян келтіретін әрекеттің барлығына қарсылақ көрсетеді. Денсаулық демекші, дұшпаннан келетін қатерден елін, отандасын әр азамат қорғаса, ал адамның ағзасындағы ақаудың алдын әр адам ала алмайды. Оған арнайы маман керек. Бүгінгі төл мерекеде медицина саласында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтар жайлы сөз қозғамасақ болмас. Облыстық 103-жедел жәрдемнің Ескелді аудандық бөлімінің фельдшер маманы Нұрсат Сейдахметов те осы тізімде. Жедел жәрдем десе жүйрік ойға қандай картина елестейді? Қай жеріміз ауырса, жанымыз сол жерде тұрады. Ауру мазалап, денемізден ыстық көтерілсе, дереу жатталып қалған сол бір нөмірге жүгінеміз. Тезірек «103-ке» қоңырауды шалсақ, «дерттің дауасы» жететіндей. «Жедел жәрдем» жеткенше жан шүберекке түйіліп, жүрек ауызға тығылады. Көз сағатта, назар есікте. Сіз бен бізге алғашқы мадициналық көмекті беретін фельдшер күн сайын Отанын қорғап жүр десек дұрыс емес пе?!

***- Жедел жәрдем – бұл науқас адаммен ең бірінші болып бетпе-бет кездесу, алғашқы шұғыл көмек көрсету. Ең алғаш науқас адам жедел жәрдемге қоңырау шалады. Науқастың жағдайын анықтап, диагноз қоятын да біздер. Сол диагнозбен ауруханаға жеткізгенге дейін көмек көрсету – міндетіміз, науқастың шағымымен, сыртқы бақылауымызбен қалай отыр, өзін қалай сезінуде және де қан қысымын тексеру арқылы диагноз қойып анықтаймыз. Жедел жәрдемде жұмыс істейтін қызметкер ең алдымен батыл болуы керек. Сондай-ақ адамдарға жанашырлық танытуы тиіс. Тәжірибе уақыт өте келе толығып қалыптасады. Және жылдамдық, іскерлік аса жауапкершілік болуы міндет, -*** дейді фельдшер маман Нұрсат Сейдахметов.

Әр азамат бәсекеге қабілетті, өз саласында білікті маман болуы арқылы да Отаннын қорғайды. Бүгінгі заман талабына сай Отан қорғаудың басты қаруы білім мен ғылым. Әр азамат білікті де, білімді болса кез келген салада қазақ мүддесін қорғап қалады. Сонымен бірге Отанды қорғау халықтың бірлігі мен азаматтардың жауапкершілігі. Отан қорғаудың басты қаруы білім мен ғылым, береке мен тәртіп екенін билығы әлемге тараған пандемия, коронавирус кезінде де көрдік. Коронавирустан Отанымызды қорғап қалуда еліміздің, азаматтарымыздың бірлігі, денсаулық сақтау саласы мамандарының біліктілігі мен қажыр қайраты, елдегі қауіпсіздік күштерінің тәртіпті қадағалауы бірбірін толықтырды. Қауіпсіздік күші дегенім кімді меңгезенім? Әрине - полиция қызметкерлері. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттері заңмен өлшенеді. Оның үстіне айрықша нысандағы кәсіптің иесі саналатын тәртіп сақшыларына халық тарапынан қойылатын талап та өте жоғары. Көрер көзге полицияның адамгершілік бейнесі орнықты, рухы мықты екені айқын. Бүгінгі кейіпкеріміз де аудандағы тәртіпті қадағалауды басты назарға алған жан. Ол - аудандық полиция бөлімі, жергілікті полиция қызметі учаскелік полиция инспекторы Лашын Оқас. 1999 жылы дүние есігін ашқан ұл бала бүгінде полиция қызметкері.

***- Антына адал, табандылықпен қызмет етіп жүрген полиция қызметкерлері ауданда жетерлік. Қызмет қауырт, сондықтан жетістік те жеткілікті, айтылар сын да аз емес. Шынайы сынның жөні бөлек. Ең бастысы, полиция мамандығына жүрек қалауымен келу керек. Осы мамандықты таңдаған жастар алдымен патриоттық сезімді, әділеттілікті, абыройлы болуды негізгі ұстаным етіп алуы керек. Тәртіп сақшысы болу шыдамдылық пен ерекше төзімділікті талап етеді. Елдің елдігін қадағалап, ішкі тәртібін бақылап отыратын полиция қызметкері болу – абыройлы іс,-*** дейді маман Лашын Оқас.

Елі мен жері үшін от пен суға да түсуге дайын азаматтардың бойындағы патриоттық тәрбие мектеп қабырғасынан қаланатыны сөзсіз. Келесі кейіпкеріміз Байысов атындағы орта мектептің Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Меир Дабыров. Бала күнінен әскери қызметкер болуды армандаған кешегі бүлдіршін, бүгін өзі бүлдіршін тәрбиелейтін маман. Мектептің жүрегі. Жүрегіне жақын тартқан салаға келуді мақсат еткен бозбала өзінің қайсар мінезінің арқасында бүгін әскери мінезді шәкірт тәрбиелеуде. Адамның табандылықпен алдына қойған мақсатына жетуі немесе қандай да сындарлы сәттерде төзімділік, ұстамдылық көрсетуі, ұтқыр шешім қабылдауы нағыз мінездің көрінісі болса керек. Дәл біздің кейіпкер сынды. Осы талпынысы мен мінезі ақыры жас жігітті өзі білім алған мектепте әскери білімнің ұстаздығына алып келген.

***Білімді, саналы, қабілетті ұрпақ тәрбиелеу біздің қолымызда. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Әскери тәрбие де дәл солай. Мектеп қабырғасынан әскери-патриоттық тәлім беру арқылы, баланың үлкен өмірге деген көзқарасын ал, бозбалалардың әскерге деген жағымды ойын қалыптастырамыз. Менің бұл салаға келгеніме 2-жылдан асты. Әрине, бастапқы кезде қиын болды. Бірақ өзім оқыған мектеп, өзім жақсы білетін орта, маған білім берген кешегі ұстаздарым болғандықтан әріптестерімнің арқасында бірден осы ортаға сіңіп кеттім,*** - дейді педагог маман Меир Дабыров.

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - деген қазақ атам. Батырлар жауға елі мен жерін бермей сұрапыл соғыстарда Отанын, туған жерін жаудан жанқиярлықпен, асқан ерлікпен қорғай білді. Отан қорғауда, жалпы тіршілікте ер-азаматтардың орны бөлек. Олардың күш-жігеріне, ақыл-парасатына бүкіл әлем бағынған, бағынады да! Сондықтан халқымыз «Жердің қорғаны, елдің тұтқасы» деп ерекше ардақтаған.

**Ал ақын Мұхтар Шаханов:**
***…Жердің аман тұрғандығы,***
***Сол намысқой еркектердің арқасы…***
**Немесе:**
***…Қайғы келсе жеңілмейтін,***
***Бақыт келсе, семірмейтін,***
***Ер мінезін қадірлейтін,***
***Еркектердің даңқы артсын!-***
деп жырға қосқан.

Арыстан келбетті, жолбарыс жүректі, қырандай қырағы, намысқой, ер мінезді азаматтарымызға жігерлеріңіз мұқалмасын, асқақ шыңдарды бағындырып, қонар тұғырларыңыз биіктей берсін демекпіз!

**Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ**

ŞÖNGE

# ҚАТЕ СӨЗ ҚАТЕР БОЛМАСЫН!

***«Ерекше қажеттілігі бар адам» деген сөз қайдан шықты? Адам қажеттіліксіз болушы ма еді? Қажеттілігі жоқ адам өлген кісі-дағы. Ал әр адамның қажеттілігі өзіне ерекше. Сөздің шығу төркіні орыстікі. «Человек с особыми потребностями» дегеннің тура аудармасы.***

Ресми орындар «ерекше қажеттілігі бар адам» деп мүмкіндігі шектеулі жандарды айтады екен. Қызық, ә! Әдетте қазақтан асқан сөз айтқан ұлт жоқ көрінеді бізге. Солай ғой. Қазақ айтады «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейді. Бұл мәтелді сөз жасамнан өткізіп, «Қызыл құйрықты, қу жануарды аяғы ұзын, аң аулауға қолайлы жеті қазынаның бірін қосып ұстап ал» десе, не оттап отырсың дейтініңіз тұр. Дәл солай. «Ерекше қажеттілігі бар адам» дегенге соны айтар адам табылмағаны ма? Бұл сөзді «гугле» әжеге салсаңыз, талай ресми құжат өріп шығады.

Біз өзі жаңалық ашуға емес, дайын тұрған жаңашылдыққа жанымыз жақын. Ғылым да солай, ілім де солай. Қай жылдары білім саласында шетелдік «ұлы ғалымдардың» еңбегін қолданып, қолданып демей-ақ қоялық, аударып тұрмысқа енгізгені соған дәлел. Алысқа шаппайықшы, соңғы уақытта локдаун, омбудсмен, тренд, харизма сынды сөздер қолданысқа етене еніп кетті. Интернетті өз тіліне аударған жалғыз түйір ел болса, сол біз, қазақ елі. Әлемнің 200-ден астам елі интернет десе, қазекем ғаламтор дейді. Қызық, ә! Ал қолданысқа карантин (шектеу немесе оқшаулану ғой мағынасы) кезінде локдаун деген шықты. Бір «дауннан» құтыла алмай жүргенде екінші «даун» пайда болды. Алдында лок-ы бар. Ағылшын тілінен аударғанда «оқшаулауды қатаңдату» дегенді білдіреді. Ал біз алдық та қолдана қойдық. Газет біткен, сайт қостаған, теледидар шолу жасаған министр аузынан шыққан сөзді «қуаттай» жөнелді, жуан әрі үлкен әріппен жазғанын қайтерсің. Есесіне орыстың БАҚ-ы локдаунды аз қолданады екен. Оны да байқап көрсеңіз болады. «Харизма» жиі қолданылып кетті қазір. Харизмасы жоғары, пай-пай харизмасы мығым дейді қазіргілердің талайы. Харизма бір адамды бір адамнан ерекшелейтін қасиет қой. Қасиеті жоғары адам немесе қасиетті адам. Басты да, бас ішіндегі миды да қатырудың қажеті қанша? Бір қызық мысал, сөз арасына қыстыра кетейін, профессордан оқушысы сұрапты: «Жұртқа қалай білімді көрінуге болады», – деп. Сонда профессор: «Жұрт естімеген сөздерді айт, сені білімді деп ойласын», – деген екен. Сол сықылды, омбудсмен деген неге жиі сөз болуда. Ежелгі скандинавиялықтар әкелерімізден ақылды болып па? Омбудсмен – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын ешкімге бағынышты емес тұрғыда, тәуелсіз қадағалау және қорғау, сондай-ақ өз өкілеттігі шеңберінде бұзылған құқықтарды қалпына келтіру мақсатында қажетті шараларды жүзеге асырумен айналысатын адам. Уикипедия солай дейді. Қазақ тарихында омбудсмен болмады ма, болды. Тура да нақты аудармасы – «тура би» болмаса «әділ қазы».

«Әр нәрсені өз атымен атамай, сау адамды жынды қылу оп-оңай», – дей ме біртуар ақын. Қызық сұрақ болсын, өзінде бола тұра кісі қолындағыны қызық көретін, «ұлық» көретін біз кімбіз? Көрсеқызар ұлт емес шығармыз? Жаһандану дәуірінде терезені өзгемен теңеу үшін тіліміз шүлдір болуы шарт па? Онсыз да Пәленше Түгеншеивич, Түгенше Пәленшеивичтен құтыла алмай жүрміз отыз жыл бойы. Содан бізді кім «маймыл», тілімізді «маймылдың шүлдірі» демесін?!

Мына жайтты ескерген абзал, біз – күллі Европа бұтына жапырақ байлап, табанынан тозып жүргенде, шалбар киіп, атқа қонып, әлемнің жартысын билеген бабалардың ұрпағымыз. Сөзіміздің талайын әлем өзіне бұрмалап жатыр, мәселен «құзбасы – кузнец», «деньги – теңге», «қазына – казна, казначей». Осылай кете беруге болады. Қалай ойлайсыз? Біз шынында көшіріп басушымыз ба?

**Мағмар МАҚСЫМ**

KÖNIL PERNESI

# АБЗАЛ АҒА ЕДІ-АУ... (ЕСКЕ АЛУ)



***Уақыт өтеді, керуен көшеді. Алайда өткен уақыттың сарыны іспетті ыстық естеліктер жиі еске оралып, өтпелі күндерге жиі сапарлап тұратынымыз бар. Сондай қиял-естелік сапарларында сана төрінен сыйлас-сырлас болған бауырлар, ағалардың бейнесі келбеңдейді. Мұндай кейіпкерлер шын мәнінде жетерлік. Олардың бірі де, бірегейі Ахметбек Ермұханбетұлы еді. Қолға қалам алып, көңіл пернесін ағытуға себеп – ағамыздың дүниеге келгеніне биыл жүз жыл толуы еді.***

Елге сыйлы, халыққа құрметті болған Ахметбек Ермұханбетұлымен бір ауылда, бір көшенің бойында құдайы көрші болып елу жыл тұрыппыз. Оның үстіне «Октябрь» колхозында бірге жұмыс істедік. Оның ағалық, бауырлық, туысқандық қамқорлығын сезіндік. Ахметбек аға менен 24 жас үлкен болса да, сағымды сындырып, үлкендігін білдіріп, кіші көрген емес. Үнемі құрдасындай көріп, атқарар шаруаны ақылдасып, жүзеге асатын тірлікке кеңесіп жүруші еді. Өз заманында бақандай бір колхоздың экономист һәм прорабы болған Ахметбек аға қоғам өмірінен үнемі қалыс қалмайтын. Үнемі ізденіп жүруді құп көрді. Үнемі зеректікті, ізденуді жанына серік етіп жүретін. Кітап ақтарып, газет-журнал оқудан шаршаған емес. Содан болар ағамыздың бойында саясатқа да, философияға да, әлеуметтік мәселелерге де, тағысын тағы салаларға ден қойып, атаулы салалар бойынша өнегелі әңгіме өрбітуші еді. Оның ұлағатты жан екенін киім киісінен аңғаруға да болатын. Жейдесінің жағасы үнемі таза жүретін. Шалбары мен костюмінің қыры пышақтың жүзіндей үтіктеулі, мұнтаздай боп жүретін.

Ахметбек ағаның даусы да зор еді. Қоңыр үнімен айналасындағыларды баурап алып, өзіне елітіп тұратын. Колхозда сан жылдар бойы экономист және бас экономист болып қызмет етті. Ауыл шаруашылығының маманы болған соң құрылыс жұмыстарын үнемі маған сеніп тапсыратын. Жоспар құрғанда да үнемі маған арқа сүйейтін. Өзі қағазға аса мұқият еді. Үнемі құжаттар мен қағаздарын ретімен орналастырып, жүйелі жұмыс істеуге дағдыланған.

Менің ойымша сол кезде колхоз экономикасына елеүлі улес қосты деп айта аламын. Біз өкшелес өсіп келе жатқан азаматтар, осы кісіден тәлім-тәрбие алдық осы кісідей болсақ деп өстік.

Ахметбек ағаның жары, құдай қосқан қосағы Сақыш апа да өте салиқалы жан еді. Бала тәрбиесінде баба дәстүрді жиі қолданып, отбасының тірегі - әке, керегесі - ана деген тәліммен ұрпақ өрбітті. Аға екеуі 50 жылдан астам отасып, күміс қасықтай 5 қыз, алтын асықтай 4 ұл тәрбиелеп өсірді. Өмір деген берері болғанымен, алмағы да болады. Ахметбек ағаның үш ұлы, Мұрат, Қуандық, Мұхтар қапияда дүниеден озды. Бәріне себеп – автокөлік апаты. Ал қалған ұрпағы әке жолын жалғап, еліміздің түкпір-түкпірінде ел тұтқасына айналып, халық мүддесі үшін қызмет етіп жүр. Барлығы дерлік жоғары білімді өз ісінің мамандары, қызы Мариаш – Текеліде қызметкер болып, елеулі еңбек етіп, бүгінде зейнетке шыққан. Ал, Шакен есімді қызы әке жолын жалғап экономист болып қызмет етуде, Гүлжамаш қызы Астанада кәсіпкер, Қалиаш есімді аруы-Казмунай компаниясында бухгалтер. Асмаш осы ауылымызда жолдасы Ертілеу екеуі үлкен шаруа қожалығын құрып, мал шаруашылығын өркендету жолында тер төгуде. Ұлы Әбіл шаруа қожалығымен айналысады, зейнеткер. Осындай зиялы ұрпақты ел қатарына қосқан Ахметбек аға 72 жасында 1994 жылы дүниеден озса, балаларының ақылшысына айналған Сақыш апа өткен жылы 90 жасқа келіп дүние салды.

Ағамыз да осал тұқымнан емес еді. Әкесі – Ермұханбет, шешесі – Қайма қарапайым шаруа еді. Қарапайымдылық шын мәнінде бекзадалық дегенге саяды. Ұрпағын саналы етіп, ел қатарына қосқан мұндай азаматтар қалай осал болсын. Ермұханбет әкеміз бен Қайма анамыз дүниеге төрт ұрпақ әкеліп, оларды қатарға қосыпты. Асыл әке-анамыздың шаңырағы Биғаш ауылында болыпты. Бұл отбасының үлкен баласы білімді кісі болған. Партияға адал қызмет етіп, ел мүддесі үшін аянбай тер төкті. Інісі Әмірқұл қара шаңырақта болып, ауыл мектебінде зейнетке шыққанша ұстаздық етті. Ал ағаның қарындасы Нұржеке көп балалы ана болып, үй шаруасымен айналысып, анадан көрген тәліммен саналы ұрпақ тәрбиелеуге ғұмырын арнаған.

Көршім Ахметбек аға 1922 жылы желтоқсанда Биғаш ауылында туған. Балалық шағы сол ауылда өткен. Шұбар мектеп-интернатында оқып, 1936 жылы алтын медальмен бітіреді. Кейін Талғар техникумында оқып, есепші-экономист мамандығын алып шығады. Содан кейін Алматы мемлекеттік мұғалімдер институтында оқып бітіреді. Соғыс басталып 1941 жылы әскерге шақырылады. Жеделдейілген әскери офицер мектепке оқып, жаттығып кіші лейтенант әскери шенін алып шығады. 67-ші Гвардиялық атқыштар дивизиясында политрук қызметін атқарады. Әрі аға атқыш міндетін атқарады. Соғыс майданында көптеген шабуылға қатысады. Соғыс аяқталғанда Ұлы отан соғысының 2-дәрежелі орденімен, әскери қызметі үшін және Германиядан жеңіс үшін, көптеген мерейлі дата медалдарымен марапатталған. Ахметбек аға жеңіс туы желбіреп, фашизм оты өшкенде елге аға лейтенант шенінде оралды.

Ағаның туған жылынан бері қарай зер салып қарасақ, жиырмасыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, Ұлы Отан соғысы, мұның бәрі, қазақ жеріне, қазақ еліне ауыр жара салды. Біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Осының барлығын басынан өткізген Ахметбек ағаға және де сол заманның кермек дәмін татқан ағаларға, аталарға бүкіл қазақ еліне ризашылығымды білдіремін.

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол ел тағдыры жолында қазақ бабам не көрмеді. Еліміздің басынан азат та, аштықта, сұм соғыс та өтті. ХХ – ғасыр қазақ халқы үшін ауыр болды, қайғыға толы кезеңмен есте қалды.

Ахметбек ағамыздың балаларына, келіндеріне, немере-шөберелеріне үнемі айтатыным «осындай азаматтың ұрпағы болғандарың үшін мақтаныңдар, себебі абзал аға өте білімді, тәрбиелі, өнегелі адамгершілігі мол, сыйлаlarы білетін кешірімді тұлға еді.

**Жеңісбек ШАЯХМЕТҰЛЫ,**
**жұмыстасы, көршісі**
**Жалғызағаш ауылы.**

MÖLDIR BÜLAQ

# ОТТЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ӨШПЕС ІЗІ

***Жуырда елімізде Жеңістің жетпіс жетінші жылы тойланады. Осы бір айтулы күнді біздің елден бөлек, соғыс зардабын тартып, жеңіске жеткен ТМД-ның тағы 10 елі қарсы алады. КСРО-ның сол кездегі жеңісі барлығымыздың есімізде, әрі жыл сайын бұл күн елеусіз қалмайды. Ал, сол жеңіс үшін Қазақстан қандай септігін тигізді? Ендеше сол туралы ой өрбітсек...***

Соғыс ең алдымен әр отбасын асыраушысынан айырса, кейін, соғысқа жарамсыз отбасы мүшелерін тыл жұмысына салды. Деректерге сүйенсек, 1939 жылғы одақтық көлемдегі санақ бойынша, Қазақстан аумағында 6,2 млн адам тұрса, 1941-1945 жылдары қазақ даласынан 1,2 млн адам майданға аттанады. Ашаршылықтан енді көз ашып келе жатқан қазақ халқы ендігі кезекте сұрапыл соғыс алаңына тап болды. Сонда да мойымай жұртта қалған әйелдер мен балалар, ақсақалдар мен аналар тылда жұмыс істеуге аттанады. Олардың сол кездегі көмегін сөзбен айтып жеткізе алмайсың. Жарымжан әйелдер мен қауқарсыз қариялардың арқасында Қазақстан майданға 500 мың тонна астық, 250 мың тоннадан астам ет, 2,5 млн. дана жылы киім жіберді. Одан бөлек тыл жұмыстарындағы қазақстандықтардан 480,3 млн. рубль соғыс техникаларын жасауға жиналды. Көрсетілген көмек осы ғана деп ойласаңыздар, қателесесіздер. Еліміздің ең басты көрсеткен көмектерінің бірі - оқ жасап соғысқа жіберіп отыруы. Барлығымыз тарих, әдебиет сабағынан еститін мына бір дерек естеріңізде ме: «Жауға атылған он оқтың тоғызы біздің елде өндірілген». Қорғасын өнеркәсібі қажет ететін мыстың үштен бір бөлігі қазақ жерінде шығарылғандықтан, оқ дәрі өндіру ісі еліміздің Шымкент қорғасын зауытына тиесілі болды. Сондықтан елдегі тыл жұмысшылары азық-түлік, киім-кешектен бөлек оқ өндіруге өз көмектерін тигізді.

Тыл жұмыстарында тер төккен көптеген ұлы адам өз атын тарихта қалдырды. Олардың бізге белгілілері: Ы.Жақаев, Ш.Берсиев, Б.Самжүрекова, Ким Ман Сам, В.П.Кривич. Ал бізге белгісіздері қаншама?

Ендігі кезекте майданда Отан үшін күресіп, ел үшін жанын беруге дайын болған Кеңес Үкіметінің батырлары туралы сөз қозғасақ. 1941 жылы 22-маусымда



Герман әскерінің Брест қамалына шабуыл жасауымен Ұлы Отан Соғысы басталды. Сол кезден бастап КСРО жауынгер жинап, тым жас ержүрек ұл-қыздарды ерте есейтіп, жанұям деп отырған аға буын өкілдерін отбасы ошақ қасынан айырып, майдан сахнасына аттандырды. Аз уақыт ішінде оларды мықты стратегия құра алатындай, өзін-өзі басқара алатындай, соғыс техникасына үйретіп, оқытып шықты. Жиналған жауынгерлер арқасында Қазақстан аумағында 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясы, олардан бөлек 50-ге тарта жеке полк пен батальон және 7 атқыштар бригадасы құрылды. Майданда ерлік көрсеткен қазақстандықтар қаншама. Ал өскелең ұрпаққа үлгі ретінде көрсетуге тұрарлық кісілер деп Ж.Елеусізов, Б.Момышұлы, Б.Қаратаев, Т.Бигелдинов, М.Мәметова және Ә.Молдағұловаларды айтар едім. Нақ осы кісілердің арқасында, қазір аспанымыз ашық, бейбіт елде өмір сүрудеміз. Әрине, бұл батырларымыздың еңбегі елеусіз қалмады. Алғашқы «Алтын жұлдыз», «Ленин сыйлығымен» мараппатталған қазақ қыздары болып Әлия мен Мәншүк болса, «Кеңес Одағының Батыры» атағы ұлы атамыз Бауыржан Момышұлына берілді. Ал, Ж.Елеусізов Днепрді жау қолынан аман сақтап қалғаны үшін, қазақтардың ішінде ең жас «Кеңес Одағының Батыры» атағын иеленді. Соғысқа нүкте ретінде, Р.Қошқарбаев атамыз Рейхстагқа ту тігіп «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен марапатталады. Майдан десе еске түсетін беделді кісілер міне осылар. Олардан бөлек миллиондаған қандастарымыз жау қолына түсіп, мертігіп, Отан үшін жапа шегіп қалды. Ұрыста әр жауынгердің орны бөлек болған, сондықтан Жеңіс күнінде әрқайсына тағзым ету біздің ұрпақ ретінде міндетіміз болып қала беруде.

Кеңес Одағы мен Германияның төрт жылдық соғысы нәтижесінде, немістер өз жеңісін мойындап, алдағы жылдарда қарсыласына контрибуциялық шығын төлеуге мәжбүр болады. 1945 жылдың 9-мамыр 00:43-тен бастап Жеңіс қызыл әскердің қолында болады. Уақыт айырмашылығына байланысты Еуропада Жеңіс күні 8 мамырда атап өтіледі. Бір сәтке сол кездегі жеңіс пен жеңілістің дәмін сезген екі елдің кейпіне еніп көріңізші. Бірі өз жеңістеріне сенімділік танытып, күресуді тоқтатпай, өзі күткен нәтижеге жетіп, төбелері көкке бір елі ғана жетпей қуанып отырса. Екіншісі соғыс салдарынан келген зардап шығынына сан жеткізе алмай, әскерлері үшін жүректеріне найза қадалғандай қынжыла қарап отыр. Бір жағынан қуансаң, бір жағынан көзіңе жас үйіріледі. Осы бір сұрапыл соғыс болмағанда қаншама ана баласыз, қаншама бала әкесіз, қаншама қыз ағасыз қалмас еді. Сондықтан, соғысқа қатысқан әрбір арадагерді құрметтейік. Ел аумағында олардың саны саусақпен санарлықтай ғана қалған шығар бәлкім, олармен тілдесе алатын, олардың бет--жүзін көрген біз соңғы ұрпақ екенімізді ұмытпайық. Оларды өмірлерінің соңғы жылдарында аялап өтейікші.

Сөз соңында айтарым, аспанымыз ашық, деніміз сау, бейбіт ел болып қала берейік. Жеңіс күні құтты болсын! Бабалар үні әрқашан жүректе!

**Мөлдір ТҮКТІБАЙ,**
**Титов атындағы орта мектебінің**
**10 «А» сынып оқушысы**

BÄREKELDI



# ПАТРИОТ ӨРЕНДЕР ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

***Алматы облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен облыстық «Жас Ұлан» әскери-патриоттық ойынына Ескелді ауданынан Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназия және Шестаков атындағы орта мектебі, Қарабұлақ орта мектебінің оқушылары қатысып, ІІІ дәрежелі дипломмен және «Үздік әскери киім», «Пневматикалық винтовкадан ату» номинациялары бойынша марапатталды.***

Дайындаған пән мұғалімдері: Қарабұлақ орта мектебінің алғашқы әскери және технология дайындық пәні бойынша клуб жетекшісі - Н.Досжанов және Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының алғашқы әскери және технология дайындық пәні мұғалімі - А.Байбараков.

Құттықтаймыз!!

**Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі**

ÖREN

# ӨНЕРПАЗ ӨРЕНДЕР ӨРГЕ ЖҮЗДІ

***Қай халық болса да, өнерді сүйеді. Бірақ, біздің пікірімізше, қазақ халқы өнерді аса жоғары бағалаған, өнер иесін қатты қадірлеген. Ұлтымыздың «Өнерлі өрге жүзеді», «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Бармағынан бал тамған», «Темірден түйін түйген шебер» деген сияқты мақал-мәтелдері, нақыл сөздері, теңеу-эпитеттері өнердің бағасын, дарынды адамның қадір-қасиетін жете ұғынған халық екенімізді білдіреді.***

Осы орайда Балалар жылына орай Ескелді ауданында мектеп оқушылары мен балабақша бүлдіршіндері арасында өнерлілер байқауы өтті. «Өнерлі балалар - шаттық пен қуаныштың ордасы» атты көркемөнерпаздар додасына аудан бойынша 25 мектеп оқушылары мен 9 балабақша тәрбиеленушілері қатысып, бойындағы ата-баба қанымен берілген қасиеттерді паш етті. Бірі - домбыра тартты, бірі - күй шертті, енді бірі - тақырыптық көрініс қойса, кейбірі құйқылжыта салған әнге би биледі.

**Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі**

♦ QAZYNA ♦

# БЕС ЖЫЛ ІШІНДЕ БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫ ӨЗ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН 13,1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ҚАЛАЙ КӨБЕЙТТІ?

***2021 жылдың соңында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің enpf.kz корпоративтік сайтында Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген 2022-2026 жылдарға арналған жаңартылған Корпоративтік даму стратегиясын жариялады. Ілкідегі Корпоративтік стратегия 2017 жылы бекітіліп, ондағы БЖЗҚ-ның 2021 жылға дейінгі кезеңге арналған мақсаттары мен міндеттері орындалған болатын. Бүгінгі жарияланымда Қордың соңғы бес жылда атқарған жұмысына толығырақ тоқталамыз. Әрине, оның барлығын шағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес, бірақ өткен жылдардағы ең есте қаларлық оқиғаларды атап кетелік.***




Даму стратегиясы қолданылған бес жыл ішінде зейнетақы жинақтарының көлемі 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 13,1 трлн теңгеге (ЖІӨ-нің 16,1%) жетіп, 5,3 трлн теңгеге немесе 68% ұлғайды. Осылайша, аталған кезеңде зейнетақы жинақтарының орташа жылдық өсуі ЖІӨ өсімінен асып түсті. Зейнетақы жинақтарының, сондай-ақ, зейнетақы жарналарының, инвестициялық табыстың, зейнетақы төлемдерінің және т. б. өсуі байқалады.

Зейнетақы активтерінің 2017-2021 жылдардағы жылдық орташа табыстылығы орташа жылдық инфляция 6,7% болғанда 9,6% құрады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі (ЖЗЖ) енгізілген сәттен бастап жинақталған кірістілік көрсеткіші 2022 жылдың 1-қаңтарындағы жағдай бойынша жинақталған инфляция деңгейінен 1,2 есе жоғары болды (тиісінше, 681,13% және 546,77%).

2017-2021 жылдар аралығында жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылар (МЗЖ бойынша бірегей салымшылар мен алушылар) саны 1,9 млн адамға немесе 20,9% артып, 10,9 млн адамға жетті. 2022 жылдың 1 қаңтарына жарналардың барлық түрлері бойынша жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 11,5 млн бірлікті құрады. ЖЗШ-ның орташа жылдық өсу қарқыны кезең ішінде 4%.

2021 жылы ЖЗЖ белсенді қатысушыларының саны (ЖЗШ-на бір жыл ішінде ең болмағанда бір МЗЖ түскен) 7 млн. адамды немесе жұмыспен қамтылған халық санының 79,5% құрады. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, жұмыс істейтін халықтың жалпы саны – 8,8 млн адам.

Барлық жеке зейнетақы шоттары автоматты түрде ашылады. 2019 жылдың қаңтарынан бастап міндетті зейнетақы жарналары бойынша шот алғашқы жарна түскенде ашылады. 2021 жылы ерікті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ЖЗШ ашу автоматты форматқа ауыстырылды. Ақпараттық технологиялар қызметтерін басқару жүйесінің сертификаттау аудиті және сапа менеджменті жүйесінің қайта сертификаттау аудиті және т. б. сәтті өтті.

БЖЗҚ-ға сенім арту және жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы білім деңгейіне қатысты көрсеткіштер назар аудартады. Атап айтқанда, «Қазақстанның зейнетақы жүйесі және БЖЗҚ қызметтері туралы қойылған сұрақтарға дұрыс жауап берген респонденттердің үлесі» көрсеткіші мақсатты мән 63,5% болғанда 69,9% құрады. Көрсеткіш базалық сауалдардың жауаптарына байланысты бағаланады. Бұл ретте әлеуметтік сауалнама базалық сұрақтар (базалық деңгей) мен күрделі сұрақтарды (ілгері деңгей) да қамтыды. Бұдан басқа, халықтың БЖЗҚ-ға деген сенім индексі 79% жетті (мақсатты көрсеткіш 74%).

Сондай-ақ, Қор Қазақстан Республикасының заңнамасын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстарды да жүргізді. Мысалы, 2018 жылдан бастап зейнет жасына жеткен тұлғаларға «Бір терезе» қағидаты бойынша тек Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) жүгінуге болады; салық салуда ерікті зейнетақы жарналарының артықшылықтары мен пайдалану мүмкіндіктері кеңейтілді. 2021 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2019 жылдың 20 желтоқсандағы Келісім күшіне енді. Келісімнің негізгі мақсаты – еңбекшілерге сол өздері жұмыс істеп жатқан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің азаматтарына тән шарт пен тәртіптегі зейнетақы құқықтарын қалыптастыру.

БЖЗҚ-ның алдыңғы бес жылдағы даму стратегиясын жүзеге асыру – БЖЗҚ салымшыларын (алушыларын) сапалы қызмет қана емес, лайықты төлемдермен қамтамасыз ету бағытындағы кезеңдердің бірі ғана екенін атап кеткен абзал.

# КАК ВКЛАДЧИКАМ ЕНПФ УДАЛОСЬ ЗА ПЯТЬ ЛЕТ УВЕЛИЧИТЬ СВОИ ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ ДО 13,1 ТРИЛЛИОНА ТЕНГЕ?

***В конце прошлого 2021 года Единый накопительный пенсионный фонд на своём корпоративном сайте enpf.kz опубликовал обновлённую Корпоративную стратегию развития на 2022-2026 годы, утвержденную решением Совета директоров. Предыдущая Корпоративная стратегия была утверждена в 2017 году. В ней были заложены цели и задачи ЕНПФ на период до 2021 года, которые были выполнены. Сегодня в нашем материале мы остановимся подробнее на проделанной работе Фонда за последние пять лет. Конечно, изложить их в небольшом материале невозможно, однако мы постарались собрать хайлайты прошедших лет.***

За пять лет действия стратегии развития объем пенсионных накоплений увеличился на 5,3 трлн тенге или на 68%, составив 13,1 трлн тенге (16,1% от ВВП) на 1 января 2022 года. Таким образом, среднегодовой рост пенсионных накоплений за данный период опережает рост ВВП. Отмечается рост как самих пенсионных накоплений, так и пенсионных взносов, инвестиционного дохода, пенсионных выплат и т.д.

Средняя годовая доходность пенсионных активов за 2017-2021 гг. составила 9,6% при среднегодовой инфляции 6,7%. Показатель накопленной доходности с момента введения накопительной пенсионной системы (НПС) по состоянию на 1 января 2022 г. превысил уровень накопленной инфляции в 1,2 раза (681,13% и 546,77%, соответственно).

За период с 2017 по 2021 год количество участников накопительной пенсионной системы (уникальных вкладчиков и получателей по ОПВ) увеличилось на 1,9 млн человек или на 20,9% и составило 10,9 млн человек. Общее количество индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) по всем видам взносов на 1 января 2022 г. составило 11,5 млн единиц. Среднегодовой темп роста ИПС за период составил 4%.

К слову, в 2021 г. количество активных участников НПС (на ИПС которых в течение года поступил хотя бы один ОПВ) составило 7 млн человек или 79,5% от численности занятого населения, которая по данным Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК составляет 8,8 млн человек.

Все индивидуальные пенсионные счета открываются автоматически. С января 2019 года в беззаявительном порядке, при поступлении первого взноса открываются счета по обязательным пенсионным взносам, в прошлом 2021 году была проведена работа по переведу в автоматический формат функции открытия ИПС для учета добровольных и обязательных профессиональных пенсионных взносов. Успешно пройден сертификационный аудит системы управления услугами информационных технологий и ре-сертификационный аудит системы менеджмента качества и т.д.

Особенно примечательны показатели по уровню знаний и доверия к ЕНПФ. В частности, показатель «доля респондентов, давших правильные ответы на заданные вопросы о пенсионной системе Казахстана и об услугах ЕНПФ» при целевом значении 63,5%, составил 69,9%. Показатель оценивается по ответам на базовые вопросы, при этом социологический опрос содержал как базовые вопросы (базовый уровень), так и сложные вопросы (продвинутый уровень). Кроме того, индекс доверия населения к ЕНПФ составил 79% (при целевом показателе 74%).

Также Фондом была проведена работа по реализации законодательства Республики Казахстан. Например, с 2018 года лицам, достигшим пенсионного возраста, можно обращаться по принципу «единого окна» только в Центр обслуживания населения (ЦОН); расширены преимущества добровольных пенсионных взносов в налогообложении и возможности использования. В 2021 году вступило в силу Соглашение о пенсионном обеспечении трудящихся государств-членов Евразийского экономического союза от 20 декабря 2019 года. Основной целью Соглашения является формирование пенсионных прав трудящихся государств-членов ЕАЭС на тех же условиях и в том же порядке, что и граждан государства трудоустройства и т.д.

Отметим, что реализация Стратегии развития ЕНПФ за предыдущие пять лет – это только один из этапов в обеспечении вкладчиков (получателей) ЕНПФ не только качественными услугами, но и достойными выплатами.

♦ SIFRLY QAZAQSTAN

# EGOV.KZ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШТЫ

Egov.kz порталында әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар рәсімдеу үшін арнайы шотты автоматты түрде алу қолжетімді болды. Процесті қайта қараудың арқасында жеті әлеуметтік төлем алу ыңғайлы әрі жеңілібола түсті. Электрондық үкімет порталында үш банкте арнайы шоттарды автоматты түрде ашу мүмкіндігі пайда болды.

Енді eGov.kz порталында әлеуметтік төлемдерді, жәрдемақыларды және зейнетақыларды рәсімдеу үшін өтініш берген кезде 20 таңбалы шот нөмірін (IBAN) қолмен енгізудің қажеттілігі болмайды.

Жүйе қолжетімді шоттарды өтініш берушінің ЖСН-і бойынша алады, бұл өз кезегінде шот нөмірін қате енгізу мүмкіндігін болдырмайды. Жәрдемақы алу үшін арнайы шотты еліміздің үш банкінде ашуға болады: Halyk Bank, Kaspi.kz және «Банк ЦентрКредит» АҚ.




Бұл функция ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (ҚР ЕХӘҚМ) келесі әлеуметтік мемлекеттік қызметтерінде қолжетімді:

1. Бала тууға және бала күтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау;
2. Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анасына немесе әкесіне, асырап алушыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау;
3. Мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау;
4. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау;
5. Жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау;
6. Көп балалы отбасыға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;
7. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау.

- Біздің команда eGov.kz порталында қызмет алудың сапасы мен ыңғайлылығын арттыру үшін үнемі жұмыс істейді. Бұрын жеңілдіктер мен төлемдерге өтініш бергенде шот нөмірін қолмен енгізу қажет болатын, ал пайдаланушылар шот нөмірін енгізу кезінде жиі қателесетін. Енді шотыңыз бола тұра, қажетті банкті дұрыс таңдаған жағдайда, шот автоматты түрде экранда пайда болады. Егер шотыңыз жоқ болса, онда қызметті алу кезінде ашуға болады. Жаңа функция уақытты үнемдейді және әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды өңдеу процесін айтарлықтай жеңілдетеді», - деді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин.

Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде арнайы шот ашу үшін пайдаланушылар:

қажетті қызметті таңдап, толтырылуы міндетті жолдарды толтыру қажет;

тізімнен банкті таңдау қажет (Halyk Bank, Kaspi.kz және «Банк Центр Кредит» АҚ және т.б.);

ақша аудару үшін шотты таңдау қажет (шот банк жүйесінен автоматты түрде алынады);

қолжетімді әдістердің бірін пайдаланып, өтінімге қол қою және оның өңделуін күту қажет.

Арнайы банктік шот болған жағдайда, ол тізімде көрсетіледі және сұрау салу уәкілетті органының (ҚР ЕХӘҚМ) қаралуына жіберіледі. Сұраныс статусы туралы ақпаратты eGov.kz сайтындағы пайдаланушының Жеке кабинетінде қадағалауға болады.

Қызмет «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер көрсету комитеті, Halyk Bank, Kaspi.kz, «Банк ЦентрКредит» АҚ және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бірлескен жұмысының арқасында жүзеге асырылды.

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы**

# ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі шектеу іс-шаралары туралы

# ҚАУЛЫСЫ

1. Қазақстан Республикасының барлық аумағында COVID-19 коронавирус инфекциясының (мұнан әрі – COVID-19) әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі ҚР Кодексінің 104-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, денсаулық сақтау (қоғамдық денсаулық сақтау) басқармаларының басшылары, орталық мемлекеттік органдар, Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті осы қаулыға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасына шетелден авиарейстермен келетін адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы темір жол, теңіз, өзен көлігіндегі және автомобиль өткізу жолдарындағы өткізу пункттерінде шектеу іс-шараларының жүргізілуін қамтамасыз етсін.

2. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, авиакомпаниялардың, темір жол әкімшіліктерінің және теңіз компанияларының басшылары:

1) Қазақстан Республикасына шетелден келген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте нәтижесі берілген күннен бастап 72 сағат өтпеген ПТР әдісімен COVID-19-ға тестілеудің теріс нәтижесі бар (қазақ, орыс немесе ағылшан тілдерінде) анықтаманы (мұнан әрі – Анықтама) ұсынған жолаушыларды әуе кемесінің бортына, темір жол құрамының жолаушылар вагонына және теңіз кемесіне отырғызуды қамтамасыз етсін.

Балаларды алып жүретін адамдарда Анықтама болған кезде 5 жасқа дейінгі балалардан; Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларының мүшелерінен; авиакомпаниялар экипаждарынан; локомотив бригадаларынан, теңіз кемелерінің экипаждарынан және темір жол және теңіз көлігіндегі тасымалдау қызметімен байланысты адамдардан; Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткен сәтте құжаттамалық растау ұсынған кезде Қазақстан Республикасында ревакцинация немесе егер екінші компонентті алғаннан кейін алты айдан аспайтын уақыт өткен болса, COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсын алған адамдардан; Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жарамды деп танылған COVID-19-ға қарсы вакцинациялау туралы паспортты/сертификатты/анықтаманы ұсынған адамдардан Анықтама ұсыну талап етілмейді;

2) жол жүру құжаттарын сатып алу кезінде жолаушыда Анықтама немесе Қазақстан Республикасында ревакцинация немесе егер екінші компонентті алғаннан кейін алты айдан аспайтын уақыт өткен болса, COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсын алғанын құжаттамалық растауы, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жарамды деп танылған COVID-19-ға қарсы вакцинациялау туралы паспортты /сертификатты/ анықтамасы болуы туралы хабардар етуді;

3) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіндегі санитариялық-карантиндік пункттің маманына әуе және теңіз кемелерінің манифестті және бас декларацияны; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен қиылысу пункттеріндегі Көліктегі Департамент аумақтық бөлімшесінің маманына темір жол құрамы жолаушыларының тізімдерін дереу тапсыруды қамтамасыз етсін.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтарының жалпы саны, сондай-ақ вакцинациялау анықтамалары мен паспорттары бар жолаушылар саны бойынша бөліп көрсете отырып, темір жол құрамы жолаушыларының тізімдері (Т.А.Ә., тұрғылықты жері не болжамды тұратын жері, байланыс нөмірлері, ЖСН) ұсынылады.

3. Көлік департаменті, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – аумақтық департаменттер), мемлекеттік кірістер органдарының құрылымдық бөлімшелері:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде шетелден келетін адамдарға санитариялық-карантиндік бақылауды жүргізуді;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің қызметкерлеріне COVID-19 профилактикасы мәселелері бойынша нұсқама жүргізуді;

3) аумақтық департаменттерге халықаралық әуе рейстерімен, теміржол көлігімен және теңіз кемелерімен Анықтамасыз (Көліктегі департамент) келетін жолаушылар жөнінде ақпарат жіберуді;

4) 72 сағат ішінде ПТР тестілеуден өтуі туралы хабарламаларды орындамаған кезде заңда көзделген жауапкершілікке тарта отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағынан Анықтамасыз темір жол көлігімен келген адамдарды мониторингілеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерді осы қаулымен таныстырсын.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақстан Республикасының Туроператорлар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігімен бірлесіп:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде демалысын ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасына COVID-19-дың әкелінуіне жол бермеу бойынша қосымша шаралар қабылдасын;

2) туроператорларды Қазақстан Республикасына шетелден келетін адамдарға қойылатын талаптардың өзгергені туралы хабардар етсін.

6. Мыналардың:

1) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінде коронавирустық инфекциясы ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы №3 қаулысының;

2) «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 18 ақпандағы №11 қаулысының 5-тармағының күші жойылды деп саналсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы қаулы 2022 жылғы 5 мамырда сағат 00-де күшіне енеді.

А.Есмағамбетова,
ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері

*ҚР Бас мемлекеттік*
*санитариялық*
*дәрігерінің*
*2022 жылғы 29 сәуірдегі*
*№21 қаулысына 1-қосымша*

Қазақстан Республикасына шетелден авиарейстермен келетін адамдарға қатысты шектеу шаралары

1. Қазақстан Республикасына шетелден авиарейстермен келген барлық адамдар (Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; авиакомпаниялар экипаждарын қоспағанда) термометриядан өтеді (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтарын қоспағанда) және ПТР әдісімен COVID-19-ға тесттен өткені туралы анықтаманы (қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде) (бұдан әрі – Анықтама) ұсынуға міндетті. Анықтама ПТР зерттеу нәтижелерін беру кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте 72 сағаттан ерте емес уақытта алынған жағдайда жарамды болады.

Балаларды алып жүретін адамдарда Анықтама болған кезде 5 жасқа дейінгі балалардан; Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларының мүшелерінен; авиакомпаниялар экипаждарынан; құжаттамалық растау ұсынған кезде Қазақстан Республикасында ревакцинация немесе егер екінші компонентті алғаннан кейін алты айдан аспайтын уақыт өткен болса, COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсын алған адамдардан; Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жарамды деп танылған COVID-19-ға қарсы вакцинациялау туралы паспортты/сертификатты/анықтаманы ұсынған адамдардан Анықтама ұсыну талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан, сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының, Молдова Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республиканың аумағынан келетін адамдар Анықтаманы, оның ішінде «COVID-19сыз саяхат» мобильді қосымшасын пайдалана отырып Анықтаманы ұсынады.

2. Дене қызуы жоғары адамдар, анықтаманың болуына қарамастан, инфекциялық стационарда оқшаулауға жатады.

*ҚР Бас мемлекеттік*
*санитариялық*
*дәрігерінің*
*2022 жылғы 29 сәуірдегі*
*№ 21 қаулысына 2-қосымша*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы темір жол, теңіз, өзен көлігінде және автомобиль өткізу жолдарында өткізу пункттеріндегі шектеу шаралары

1. Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы темір жол, теңіз, өзен көлігіндегі және автомобиль өткізу жолдарындағы өткізу пункттерімен келген барлық адамдар (бұдан әрі – келген адамдар) (Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; локомотив бригадаларының мүшелерін; темір жол, теңіз және өзен көлігінде тасымалдау қызметімен байланысты адамдарды қоспағанда) (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтарын қоспағанда) ПТР әдісімен COVID-19-ға тесттен өткені туралы анықтаманы (қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде) мұнан әрі – Анықтама) ұсынуға міндетті.

Анықтама ПТР әдісімен зерттеу нәтижелерін берген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте 72 сағаттан ерте емес уақытта алынған жағдайда жарамды болады.

Балаларды алып жүретін адамдарда Анықтама болған кезде 5 жасқа дейінгі балалардан; Қазақстан Республикасының үкіметтік делегация мүшелерінен; локоматив бригадаларынан; темір жол, теңіз және өзен көлігінде тасымалдау қызметімен байланысты адамдардан; құжаттамалық растау ұсынған кезде Қазақстан Республикасында ревакцинация немесе егер екінші компонентті алғаннан кейін алты айдан аспайтын уақыт өткен болса, COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсын алған адамдардан; Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жарамды деп танылған COVID-19-ға қарсы вакцинациялау туралы паспортты/сертификатты/анықтаманы ұсынған адамдардан Анықтама ұсыну талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан, сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының, Молдова Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының аумағынан келетін адамдар Анықтаманы, оның ішінде «COVID-19сыз саяхат» мобильді қосымшасын пайдалана отырып Анықтаманы ұсынады.

2. Дене қызуы жоғары болып келген адамдар, Анықтаманың болуына қарамастан, инфекциялық стационарда оқшаулауға жатады.

***ҚР Бас мемлекеттік санитариялық***
***дәрігерінің***
***2022 жылғы 29 сәуірдегі***
***№ 21 қаулысына 3-қосымша***

***ПТР әдісімен COVID-19-ға міндетті зертханалық тексеруден өту туралы хабарлама***

***Елді мекен ________________ 2022 жылғы «___» ______***
***Мен ______________________________, ЖСН: _________________,***
***(Т.А.Ә. (бар болған кезде)***
***паспорт/жеке куәлігі № _________________, ҚР ІІМ/ӘМ __ __ ____ жылы берілген, _____________________________ мекен-жайы бойынша тіркелгенмін, нақты тұратын мекен-жай ___________________________________________________________.***

***Мен тұрғылықты жерім бойынша 72 сағаттың ішінде COVID-19-ға зертханалық тексеруден өтуге міндеттенемін. Мен жеке деректерді өңдеуге келісемін.***

***Дене қызуым көтерілген немесе ауру белгілері байқалған жағдайда шетелден келгенім туралы хабардар ете отырып, COVID-19 Call-орталығына дереу хабарласу немесе жедел жәрдем шақыру қажеттілігі туралы таныстым.***

***Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының өз құзыреті шегінде заңды талаптарын немесе қаулыларын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктің бар екендігі туралы таныстым.***

***Сондай-ақ, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабына сәйкес билік өкіліне қатысты күш қолданғаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің бар екені туралы таныстым.***

***Қолы _________________***
***Күні ____________________***

# TIN ◆ EGOV.KZ ҚОЛЖЕТІМДІ ҚЫЗМЕТТЕР

***Қазақстан Республикасы электрондық үкіметтің порталы - ол сіз бен біздің күнделікті электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалану арқылы өзімізгі қажетті мемлекеттік қызметтерді алу.***

Осыдан он шақты жыл бұрын бір құжатты алу үшін құшақ-құшақ қағаз жинау жиі орын алатын құбылыс еді. Ол құжаттардың әрбіреуін бөлек - бөлек мемлекеттік мекемелер береді, оны алу үшін адамдар сол ұйымдардың есігінің алдында сағаттап кезекке тұратын. Жүйкесі сыр беріп, шыдамы таусылғандар оларды аяғына дейін жинай алмай, орта жолда «адасып» қалатын жағдайлар да кездесетін.

Сондықтан да Egov.kz порталында мемлекеттік қолда бар барлық ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып қажетті құжаттарды рәсімдеу үшін сағаттап кезекке тұрмай-ақ қызметті жылдам алу мүмкіндігі туып отыр. «Электронды үкімет енгізу» сыбайлас жемқорлық сияқты зиянды құбылыстың азаюсына ықпал етті, мемлекеттік құрылымдардың ашықтығын арттыра түсті және мемлекеттік органдарға өтініш қалдыру жеңілдеді. Үйден шықпай-ақ бар шаруаңды Egov.kz порталы арқылы тындырасың. Қазір мемлекеттік қызмет пен сервистерді бірнеше жол мен алуға болады.

Олар Egov.kz порталы @Egov.kzBot2 Telegram, eGovMoble қосымшасында. Қарабұлақ ауылдық округінде электронды мемлекеттік қызметтерді алу үшін әкімшілік ғимараты мен мекетептердегі өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары күнделікті жұмыстарын атқаруда. Округте жыл басынан 4000 адам электронды қолтаңба алу, тұрғылықты жері бойынша және медициналық ұйымға тіркеу, зейнетақы аударымдары, денсаулық сақтау, соттылығы болуы не болмауы туралы анықтамалар және тағы басқа да көптеген қызмет түрлерін ала алады.

**Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесі**

KÖMBE



**_Орынборға шақырған қазақ қайраткерлерінің сиезі адам аз келгендіктен сиез есебінде болмай, кішкентай ғана кеңес түрінде болып өткені озған нөмірлерінде жазылды. Орынборда отырғандар, о жақ, бұ жақтан кез келгендер болмаса, сиезге атын атап шақырған адамдар келмеді._**

## Ахмет Байтұрсынұлы:

# ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖАЙЫНАН

Келмеу себептерін түрлі жоруға болады.

Келмеулеріне бір жағынан жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шығар; екінші жағынан Жүсіпбек жолдас сиақты керексіз сиез деушілік те себеп болған шығар; үшінші жағынан, қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы да себеп болған шығар; төртінші жағынан, өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шығар. Бұл көп «шығардың» ішінде көбінен себеп болатыны екі «шығар».

Сиезге келуге ынталы адамдар болса қаржы да табылады, керексіз сиез деп айтпайды. Мұның бұлай болуы келуге ынталы адамдар болмағандықтан, Орынборды көруге табиғаты шаппағандықтан болып отырған қал. Бұрын Орынбор қазақтың пікір құбылысындай болған заманда, сиез түгілі жайда Орынборға келіп, бас қосып, қазақтың қамын ойласып, қайғысына дауа қарастырып қайтатын ел азаматтары енді ерiншектік етіп келмей отыр деуге болмайды. Мұның мәнісін әрірек, тереңіректен іздеу керек.

Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

1). Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, тайақ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған.

2). Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан.

Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, йағни, халқына жаны аши-183 тын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңының тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сықылды болып шығады.

Қазақ баласы ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері өктәбір өзгерісі болғанда бірден иінтернатсійанал (бейбауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» кәммүнійст, иінтернатсійаналист едім деп айтуға аузы бармады. Сондықтан бейбауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық жолындағы үкімет қош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткердерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартынқырап қалды. Сол қайтқан қарқын әлі күнге қайта келіп жеткен жоқ. Бұрынғы қалам қайраткерлерінің бәрі де өзгерістен кейін қалам қайратына әлі белсеніп онша кірiскен жоқ.

Бұл айтылған себептің үстіне жамалған екінші себеп болды. Ол Қазақстанға ұлық болған адамдардың лағу-төңкеріс болса істің бәрін өзінен өзі істеліп, өзінен өзі өзгеріп кететіндей көруі. Қалыпты өзгертетін адамның ісі, йағни, жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін ойламады. Төңкеріс болды, патша үкіметінің орнына саует үкіметі орнықты: қазақты билеген, патшаның оң қолы болып кәммүнійстер қазақты билейтін болды. Елдің төбесі өзгерді, төресі өзгерді. Онан былайғысын өзгертуге көп күш, көп іс, түрлі еңбек, қайрат керек, йағни, істей білетін түрлі адамдар керек.

Қазақтың оқығаны аз, оның ішінде халық ісіне қатысып, жұрт үшін жұмыс қылғандар өте аз. Бірақ, аз да болса, қазақта қызмет қылып ысылған, төселген адамдар, қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұрттың адамдарынан гөрі, қазаққа көбірек пайда келтіретіні шексіз.

Ескі үкімет тұсында, қазақтың басына қаптаған қара бұлттай қалың пәле торлаған заманда, жұрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» деген таңба басылып, олар қораға жолатпайтын қотыр мал сықылды шетке шығарылып, әлеумет жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды.

Төбелеске шығатын адам сияқты, төсін ұрып, тұлданып «Жасасын бейбауырмалдық!» деген қазақ болса, қошемет айтып, қол шапалақтап, төбесіне көтеретін болды. Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құрайды деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп, қалам қайратына кіріспек? Қалайша қаламды қолға алуға көңілі шауып, ықыласы түспек?

Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, йа бойаумен түсін өзгертіп, йа түленмен түгін өзгертіп бейбауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бейбауырмал бола алмайды. Жалғыз қалам қайраткерлері емес қазаққа жаны ашитын, басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Оны айтып отырса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Солай болған соң, иа бауырмал деген сөзден қашып, бейбауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін үндемей қарап отыру керек: не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін каймықпай сөйлеуі керек. Енді осыған жеттік.

Қазақ деп ауызға алмай, не болса о болсын, қараға қостық, не көрсе көппен бірге көрер деп отыруға болар еді, егерде қазақ мәдениеті қасындағы халықтармен бірдей болса. Қазақ қасындағы халықтар: орыс, неміс, ноғай, жәуіт, ғайрилар.

Бұлардың бәрінің де мәдениеті қазақ мәдениетінен жоғары. Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдай анық, күндей жарық ақиқат. 200 мілійөн (бұдан әрі – миллион) үнді халқын 50 миллион ағылшын жем қылып отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жұрттар әжуалап отырғаны – адам баласының теңдігі – кемдігі мәдениетіне қарай екендігін сыпаттайды.

Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, катта ноғай мәдениетіндей болса да, «қазақ» «қазақ» деп айыра сөйлеп, ауыз ауыртып, әуре болмай-ақ, көппен бірдей көрер деп қойар едік. Қазақ айрықша сөз болатын қалі айырықша болғандықтан.

Қазақ мәдениеті қасындағы жұрттардан кем екенін біле тұра, мәдениеті зор халыққа жем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасқа керек. Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп теңелуіне керек ісімізді қолға алып, қанаттамасақ, қазақ күнін қараң қылатын бейбауырмалдық адам арасына жік салады, бауыр керек емес, «жасасын бейбауырмалдық!» деп айқайлағанмен адам баласының арасындағы құр айкаймен жоғалатын көрінбейді. Мәдениет жігін жоғалтпай өз жігін жоғалту оңай жұмыс емес. Бұл айқайдың қолынан келмейтін іс екендігіне көз жетті.

Алдымен бауырмалдық жігін жоғалту керек деп адасқандар адаса берсін, қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін, сарп ету керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні, қазақты қасындағылар қыңсылатуын қойады, қазақ азаматтарының қазақ үшін айырықша қайғыруы, қаны қызуы жоғалады, бауырмалдық өзінен өзі жоғалады.

Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, санасаңылау күшейуімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі.

Қазақта оқу ісі қалам қайраткерлеріне қарап тұрғаны, олар не істеуге керектігі өткен нөмірлерде басылған сиезге арналған мәселелерде айтылды. Мұнда айтайын дегеніміз: қалам қайраткерлерінің бас қосып бақыршылығын сөйлесуі. Қалам қайраткерлерінің иіуін сиезіне «тополаң уақытындағы той» емес, топалаң келмеуіне амал қарастырайық деген ой еді.

Сиез иіуінде болмады деп қойыу керек емес, иіуіннен басқа да айлар, күндер көп, әлі де болса бас қосып сөйлесу, қалам қайраткерлерінің ұйымын жасау керек. Жазушыларымыз бытыранды болмай, ұйымдасып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері 186 берекелі, өнімді болар. Өзгеріс болғанымен өзгермей тұрған қазақта қалып көп, қашаннан бері, қазақ ішіне сіңіп, орнығып қалған қалыпты өзгерту оңды нәрсе емес. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу – табиғи іс. Тіске жұмсақ болған соң, қай уақытта да жеуге қазақ жеңіл болып тұратыны мағлұм. Қазақты бұрын жегендер әлі жеп отыр, бұрын зорлық қылғандары әлі де зорлық қылып отыр. Өзгеріс кімге жағымды, кімге жағымсыз болып шыққаны көзі бар адамдар көрерлік, есі бар адамдар білерлік болды. Өзгерістің негізі тартыс, талас болған соң тіршілікке қайым біткен қайраттыларға, күн көруге ептілерге, дүние жыйыуға құмар адамдарға жағымды болғанымен, момындарға, ақ көңіл, анайы, аңқауларға жағымсыз болғаны шексіз.

Аққөңілділік, анайылық, аңқаулық табиғаттан да болады, тәрбиеден де болады, йағни мәдениет жоғары-төмендігінен де болады. Көбінесе мәдениеті төмен жұрт аққөңіл, анайы, аңқау келеді. Сондықтан да мәдениет жоғары жұртпен араласқан жерде алдауына, арбауына түсіп жем болады. Қазақ жеріндегі халық көбіне қазақ пен орыс. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны шексіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде декірет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.

Үкімет тарапынан қазақтың кәзіргі күтетін көмегі – мәдениеті жетілгенше басқалардың зорлығынан қорғау, мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін айамау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декіретін көбейтумен бола бермей, қазақтың мәдениетін күшейту жағына көз салып, көбірек күшін жұмсау керек.

**_Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірінбірі қолдап, бірінбірі көтермелеп, бірін-бірін сүйрейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те жаңа ғана көктеп көзге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, үлкейіп, гүлденуі үшін көп іс, көп күш керек. Сол көп істі қолынан келгенше істейтін, сол көп күш шамасынан келгенше сарп ететін қазақ қалам қайраткерлері. Ол қалам қайраткерлері бұл күнде өз жұмысында емес, өзге жұмыста жүр. Оларды өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу қазақ үкіметінің міндеті: қалам қайраткерлерінің жұмысы – әдебиет, әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Орыстан қазақтың көріп отырған отаршылығы, омыраулығы қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен төмен болғандықтан. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшейуінің тетігі – оқу мен әдебиетте._**

**1922 жыл**


ŞEŞIM

# ХАБАРЛАНДЫРУ

**_2022 жылдың 3-мамырында Алдабергенов ауылдық округіне қарасты, Алдабергенов ауылындағы Ленин көшесінің атауын өзгерту туралы жиын өтіп, шешім қабылданды. Шешімге сәйкес Алдабергенов ауылдық округі Алдабергенов ауылына қарасты Ленин көшесін – Көшкінбай Жанатұлы көшесі деп қайта атау туралы ұсыныс мақұлдансын._**

**_Тиісті құжаттары жинақталып, облыстық ономастика комиссиясының қарауына ұсынылсын._**



Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 3050
Тираж 3050
Тапсырыс 1055
Көлемі 2 баспа табақ.



Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.



Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.